Историческое познание создает необходимые условия для культурного, этнического самоопределения народа, для осознания им себя особой этнической общностью, обеспечивает связь поколений. Поступки исторических персонажей в различных исторических ситуациях приводили к консолидации общества. В самые трудные этапы нашей истории национальное самоопределение помогло казахам отстоять и сохранить территорию нашей Родины. Так было в эпоху нашествия джунгаров, сохранившегося в памяти народа под образным названием «актабан шұбырынды». Историческая наука призвана сохранять в памяти потомков деяния отцов и дедов, как источник для подражания и для размышлений.

История нашего отечества с древнейших времен до наших дней предоставляет благодарный материал. Не понимая исторических корней, невозможно правильно оценить и глубоко понять характер происходящих преобразований в наше время. Озвученные в текущем году новая концепция подхода к исторической науке и национальная идея Мәңгілік елі – это веление времени. Объективно написанная история Казахстана призвана вызывать у подрастающих поколений казахстанцев чувство национального достоинства, воспитывать их в духе любви к своей Родине, служения своему народу, защиты его интересов.

Наша страна находится на новом этапе своего развития, когда знание истории и культуры народа является условием ее дальнейшего развития. Духовное здоровье народа, его жизнеспособность зависят от отношения к собственной истории и культуре. Духовные связи служат консолидации народа. Популяризация трудов А. Х. Маргулана будет способствовать позитивному развитию этих вопросов.

Манапова Ә. М.

Ә. Х. Марғұлан атындағы археология институты, Алматы қ., Қазақстан

Ә. Х. МАРҒҰЛАННЫҢ ҚАЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫНДАҒЫ МҰРАСЫ

«Академик Ә. Х. Марғұланның ғылымға сіңірген еңбегі қызық кітаптың айқара беті сияқты. Осы кітап уақыт озған сайын құны артып, толғанта иландыра бермек», деп Кемал Ақышұлы өз бағасын берген еді, осы берілген баға ғалымның 110 жылдығына орай одан да ары құны арта түскендей.

Ғұлама ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұлан өткен ғасырдың 40 жылдарының басынан бастап көне жазба ескерткіштері және қазақ халқының рухани мәдениетін, фольклорын жан-жақты зерттеумен бірге Қазақстан жеріндегі археологиялық ескерткіштер кешенін іздестіру, табу және зерттеу ісін алғашқылардың бірі болып бастады.

Ә. Х. Марғұлан Қазақстандағы археология ғылымының өсуі үшін ол жас археологтар К. А. Ақышев, Ә. М. Оразбаев, М. Қ. Қадырбаев, Х. А. Алпысбаевтарды СССР ҒА Ленинград археология бөліміне аспирантураға түсіп білімін жетілдіруіне жағдай жасады. Олардың археологияның әртүрлі салаларын тандап, дамытуына тікелей жетекшілік жасады.

Академик сонымен қатар Қазақстан археологиясының болашақта даму жолдарын, қандай ғылыми мәселелерді шешу қажеттігін белгілеп берді: ең алдымен тұрақты отырықшылар қоныстары мен қалаларын (VI-VII ғғ.), мұндағы мақсат отырықшы-егіншілік пен көшпелі-малшылық шаруашылығының өзара байланысы мен бір біріне тигізген ықпалын анықтау; екіншіден патриархалдырулық құрылыстың пайда болып, ыдырау кезі болып саналатын қола дәуірі мен ерте темір ғасырларын зерттеу (оның ішінде ертедегі кен өндіру, металлургия өндірісіне терең көңіл бөлу); үшіншіден адамзаттың көне тарихы-палеолит пен неолитті зерттеу. Осындай алға қойылған мақсат, міндеттерді шешу үшін 1946 ж. тұңғыш Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылды. Аты Орталық Қазақстан деп аталғанмен бұл экспедиция 1946-1956 жж. аралығында өте кең ауқымды аймақты: Қаратаудың солтүстік беткейін, Шу өзенінің төменгі етегін, оңтүстігінде Сарысуды, шығысында Шыңғыс тауын, Нұра өзенінің етегі және солтүстігінде Қорғалжын өзенінің жағасын, батысында Илек, Сағыз, Жем өзендерінің бассейнін қамтыды.

Ә. Х. Марғұлан өз зерттеулерінде кең ауқымды аймақтарды ғана емес, хронологиялық шеңбері мол ескерткіштерді қамтыды. Ол өз зерттеулерінде неолит дәуірінің тұрағын, беғазы-дәндібай және андрон мәдениетінің қоныстары мен қорымдарын, ерте көшпенділер археологиялық ескерткіштері мен халықтардың Ұлы қоныс аударуы тұсындағы ескерткіштерді, тас мүсіндер мен тасқа салынған суреттерді, ирригациялық құрылыс пен ежелгі керуен жолдарын, VIII-X ғасырлардағы тастан жасалған архитектураның ескерткіштері және ортағасыр қалаларын, XIII-XIV ғғ мавзолейлер мен XIV-XIX ғғ. қазақ күмбездерін ашты. Әр жылдардағы жұмыс қорытындылары Ғылым Академиясының хабарламасына үзбей жарияланып отырды. Әлкей Хақанұлының көп жылғы еңбегі К. Ақышев, Ә. Оразбаев, М. Қадырбаевтармен бірігіп жазған «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» (Марғұлан, 1966) атты монографиялық еңбегінде қорытындыланды.

Осы ұжымдық археология саласындағы ірі монография 1967 ж. Қазақ ССР ҒА Ш. Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықты иеленді.

Осыдан кейін көп жылдар бойғы зерттеу жұмыстарының жемісті қорытындысы келелі іргелі еңбек академиктің «Орталық Қазақстандағы Беғазы Дәндібай мәдениеті» атты монографиясы 1979 ж. шығып, археологиялық ғылыми әдебиеттің алтын қорына енді.

Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы үш отрядтан құралды. Біріншісі андронов қоршауларын қазған А. М. Оразбаев басқарған отряд, екіншісі экспедиция басшысы Ә. Марғұлан басқарған кейінгі қола дәуірін және қола дәуірінен ерте көшпенділер дәуіріне өту кезеңін зерттеген отряд, үшіншісі Қадырбаев М. Қ. басқарған ерте көшпенділер мәдениетін зерттеген отряд. Бұлармен қатар экспедиция құрамында әр жылдарда Л. Р. Қызласов (1948), К. А. Ақышев (1951-1952), Г. И. Пацевич, А. Г. Максимова, Т. Н. Сенигова, Г. В. Кушаев, Х. А. Алпысбаев, суретшілер П. В. Агапов, К. А. Власовтар және Қаз МУ, Қаз ПИ және Алматы сурет училищесінің студенттері қатынасты. Экспедицияның Орталық Қазақстандағы алғаш ашып, осы күнге дейін үзбей тереңдете зерттеп келе жатқан нысаны қола дәуірінің ескерткіштері еді. Бұл ескерткіштер Қазақстан даласында іргелі мәдениет болған жоқ, тек ары-бері көшіп жүрген елдердің жолы болған деп ертеден қалыптасып келген тұжырымды жоққа шығарушы бірден-бір дәлел болды.

1946 ж. экспедицияның алғашқы зерттеуі Мойынты, Сарысу өзендері бойымен, Бетпақ – даладан Ұлытау тауына дейінгі кең алқапты, Торғай – Жіліншік өзендерінің жоғарғы ағысын, Кеңгір, Жезді, Байқоңыр мен Бұланты өзендерінің өңірін қамтыды (Маргулан, 1948).

Келесі жылғы экспедиция алдыңғы жылғы экспедиция жұмысының жалғасы болды деуге болады. Ал 1948 ж. экспедицияның алдына қойған мақсаты: Жезді және Кеңгір өзендері өңірінде орналасқан жартылай отырықшы жер иеленуші мәдениеті оның ішінде архитектуралық ескерткіштерді тереңдете зерттеу болды. Осы жылы кіші плиталы Беғазы 2-3 мавзолейлері зерттелді.

1949 ж. Ақшатау тауы мен Шерубай – Нұра өзенінің құймасы, Соқыр өзенінің өңіріндегі қола дәуірінің ескерткіштері зерттелді. Кең ауқымды археологиялық қазба жұмыстары 1950, 1951, 1952 жж. Ә. Х. Марғұланнның басшылығымен, археология бөлімінің қызметкерлері Г. И. Пацевич, К. А. Ақышев, А. Г. Максимова, Т. И. Сенигова, суретші Агаповтардың қатысуымен жүргізілді.

1963-1967 жж. монументальды архитектуралы Беғазы I қабірі және Саңғыру I кешені түгелдей зерттеліп біршама материалдар жиналды. 1968 жылғы нәтижелі зерттеулердің бірі Беласар, Елшібек кешендері, онда өзіндік мәні бар және әртүрлі керамикалық материалдар орта қола кезеңінен Беғазы-Дәндібай мәдениетіне өтпелі кезеңінің мерзімін көрсетті. 1969 ж. Қарағанды далалы алқабынан ең үлкен, әр кезеңнің ескерткіштері бар Балакүлболды кешені зерттелді. Соңғы қола дәуірінен ерте темір дәуіріне өту кезеңін түсіндіру мақсатында 1971 ж. Тоқырауын өзенінің жоғарғы ағысындағы ерте скифтер кезеңінің қорғандары зерттелді. 1972 ж. 1946 ж. ашылған Беғазы – Дәндібай ескерткіштерінің батыс бөлігі зерттелді.

ОҚАЭ – жетекшілері: 1977-82 жж. М. Қ. Қадырбаев, 1984-1988 жж. С. М. Ақынжанов, 1982-1983, 1989-2010 жж. Ж. Құрманқұлов осы күнге дейін жалғасып келе жатқан зерттеулердің нәтижесінде көптеген тас, қола дәуірлерінің тұрақтары мен қоныстары, кен өндіріп, мыс балқытқан орындары, ерте темір ғасырларының жүздеген обалары, ортағасырлық қалалар, тас мүсіндер қойылған түркі, қыпшақ қоршаулары мен обалары, тастағы суреттер ашылды. Әлемдік ғылым айналымына енді.

Ә. Х. Марғұланның ежелгі заман ескерткіштерінің ішінде тас дәуірі ескерткіштерін зерттеуі кешенді болмағанмен Қазақстанда жүргізілген зерттеулерді саралаған еңбектері мол.

Оның 1998 ж. жарық көрген шығармалар жинағының 1 томында тас ғасыры ескерткіштерінің зерттелуіне жан жақты тоқталып, сараптама жасалды. Осы еңбегінде соңғы 40 жыл ішінде Қазақстанда неолит ескерткіштерін ашу мен зерттеуде археологтар көп жұмыс атқарғандығын талдап жазды.

1947 ж. Ә. Х. Марғұлан өзі Қызылжар бекетінен төмен 18 шақырым жерде Сарысу өзенінің екі жағында орналасқан Бөрібас тұрағын зерттеген (Маргулан, 1949). Тұрақтың үстінен ондаған тас заттар, оның ішінде нуклеус, үлкен мөлшердегі пышақ тәрізді пластинка, опал мен кремнен жасалған садақ ұштарының копиясы, көптеген қырғыштар жинады. Мөлшеріне және архаикалық қолапайсыз түріне қарай олар неолит пен энеолит ерте кезеңіне жатқызылды.

1946 ж. Шом тауында 13 және 20 қорғандарында археологиялық қазу жұмыстары басталды. 13, 20 қорғандарын Н. Н. Валукинский зерттеді, ал қалғандарын Ә. Х. Марғұланның басқаруымен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеді.

1948 ж. қазба жүргізілген осы 3 кіші оба қазбасынан көп ерекшеліктер табылды. Қоршаудың ортасынан тереңдігі 0,25 м, ұзындығы 1,8 м, ені 0,56 м шұңқыр ашылды. Шұңқырдың түбінен адам қаңқасы табылды. Мәйіттің үсті (2-3 см) жұқа топырақпен жабылған. Басына қарама-қарсы оңтүстік-батыс бұрышында шұңқырдан жоғары, формасы әр түрлі үш тас құрал шықты. Ал төртінші құрал кішірек, ол өліктің үстіндегі қара топырақ қабатынан табылды, бесіншісі қорғанның үстіндегі үймеден шықты. Тас құралдардан басқа заттар табылмады. Өліктің бас жағынан табылған үш құрал осы адамның жеке заттары болуы мүмкін, ал топырақ үймесінен табылғандар туыстарының өлікке әкелген құрбандықтары. Мұнымен қатар сол уақыттағы сенім бойынша мола қазған құралдарды үйге қайтып әкелмейтін болған болуы мүмкін. Ә. Х. Марғұлан қазбадан табылған заттардың Алтайдың афанасьев ескерткіштерімен ұқсас болғанымен ерекшеліктерінің көптігін, табылған заттардың әлдеқайда аздығын көрсете келе. Афанасьев ескерткіштері өзінің шығуы жағынан, Жезқазған ескерткіштерінен кейін пайда болғанын, Жезқазған ескерткіші бұдан да ерте кезеңге жататынын атап көрсетті.

Ә. Марғұланның зерттеулерінің негізгі бағыты қола дәуірі болды. Қола дәуірі ескерткіштері басқа тарихи кезеңдерге қарағанда көбірек зерттелгенімен, көптеген мәселелер әлі де түбегейлі шешіле қойған жоқ. Мұның өзі отандық археология ғылымының үздіксіз дамуын көрсетеді (Құрманқұлов Ж., 2008).

1947 ж. қола дәуірі мен ерте темір дәуірінің ескерткішін табу мақсатында ғалым Бетпақ Даланың солтүстік және солтүстік батысында барлау жұмысы жүргізілді. Бұл жерден Айшырақ, Дарат, Санғыру, Ұйтас комплекстерін, Атасу I, II, Бұғылы I, II, III, елді мекендерін ашты. Осы жылы Беғазы комплексін зерттеу басталды. Ал 1948 ж. Беғазыда қазба жұмысы жалғасты, екі кезеңнің: андронов және кейінгі қола дәуірінің ескерткіштері табылды. 1949 ж. Құндызды өзенінің Нұраға құяр тұсынан қола дәуірі елді мекенінің белгісі табылды. Бұл жылдың зерттеулерінің қортындысы Ә. Х. Марғұлан мен М. Е. Массонның жұмыстарында көрсетілген.

1951 ж. Талды-Нұра өзенінен, Қызылтау совхозынан оңтүстік шығысқа қарай 7 км жерден андронов қабірі Былқылдақ I. II қазылды. Талды Нұраның бойынан қола дәуірінің көптеген ескерткіштері есепке алынды: қорғандар, қоршаулар, руда қалдықтары және елді мекен бір-бірінен 2 км-ден 5 км ара қашықтықта орналасқан. Қотыр-Қызылтау тауының аңғарында көптеген қола дәуірінің ескерткіштері көп. Ақбауыр мен Шортанды бұлақ елді мекендері осы жерден табылды, ал Байбала мен Сенкебай – Талды – Нұраның қыраттарынан табылды.

Ә. Х. Марғұлан қола дәуірінің кезінде Орталық Қазақстан мен кенді Алтай өңірі ел тығыз қоныстанған кен өндіріп, мыс балқытқан, мал өсіріп егін еккен құтты өлке болғанын, жалпы дәуір өзіндік белгілерімен Атасу, Нұра, Беғазы-Дәндібай кезеңдеріне бөлінгенімен түбі бір, бірінен-бірі туындап отырған біртұтас мәдениет екенін бірнеше рет атап өтеді. Осы тұжырым К. А. Ақышев, Ә. М. Оразбаев, М. Қ. Қадырбаев, С. У. Жауымбаев, Ж. Құрманқұлов еңбектерінде жалғасын тапты. Қола дәуірінің соңғы кезеңі кемелденіп ең жоғарғы сатыға жеткен тұсы Беғазы-Дәндібай мәдениеті деп бөлінеді. Ол туралы Әлкей Хақанұлы былай дейді: «Бұл Беғазы-Дәндібай мәдениеті деген ғажайып бір кеніш, сарқылмайтын мәдениет дүниесінің келісті бір түрі. Жалпы қазақ жерінде біздің эрамызға дейінгі мың жылдықтарды қамтыған қола дәуірінің мәдениеті жойқын дамыған. Оның сәулетті бір белгілері – қыстақтар орны, зәулім обалар, биік меңгірлер – біздің эрамызға дейінгі XI-VIII ғғ. Орталық Қазақстандағы Беғазы өзенінің бойы мен Дәндібай ауылы деп аталған мекен төңірегінде көп сақталған. Ғылымда Беғазы-Дәндібай мәдениеті деп аталатын бұл сәулет пен өнер үлгілері бір жағынан, көне Қазақстан жерінде қола дәуірінен кейінгі көркейген алғашқы сақ мәдениетімен сабақтасып, ұштасып жатыр. Сақтардың жойқын өнерінің бір төркіні осы мәдениеттің жарқын дәстүрлерінен бастау алады. Кейбіреулердің көне Қазақстанда бағзы замандарда мәдениет ошақтарының болмаған, қала салуды білмеген дейтіні бар. Ол қате. Ежелгі Қазақстанның байтақ жерін мекендеп, мал баққан, егін еккен, кен қазған бабаларымыздың дүние жүзілік өркениетке қосқан үлесі орасан зор. Ана жылы Есіктен табылған Алтын киімді адам да сол байтақ мәдениетіміздің сәулетті бір айғағы» (Бейсебаев, 1984).

Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ғылым әлемінде жария болуына академик Ә. Марғұланның сіңірген еңбегі айырықша. Тарих ғылымында Беғазы-Дәндібай мәдениеті деген атау Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы Беғазы тауының етегінен табылған аса ірі қалақ тастардан тұратын монументті бейіт

қорымдарға және Нұраның жағасынан 1932 ж. зерттелген ғажайып сәулет туындысы Дәндібай мавзолейлерінің атымен аталған. Бұл кешендер биіктігі 3 метрге дейін жететін, ені 1,5-2 метр болатын, салмағы 1-2 тонналық қалақ тастардан тұрғызылған жойқын құрылыстар.

Беғазы-Дәндібай іспеттес қола дәуірінің бай мәдени мұрасы Орталық Қазақстаннан табылуы дүниежүзілік ғылымда өте маңызды болды. Өйткені осы кезге дейін әлемдік археология көне өркениетті тек Жерорта теңізі маңынан ғана іздеп, жер шарының басқа құрылықтарның мәдени салауаттарын жерорта теңіздік мәдениеттің қиыр шеті деп түсіндіріп келген еді. Әлкей Марғұлан мыс пен жезге негізделген өркениет кенді аймақтарға шоғырланғанын және бұл аудандар қола мәдениетінің провинциясы емес, кіндігі, орталығы екенін айғақтады.

Қазіргі күнде Ә. Марғұланның ғылыми еңбектерінің арқасында сақтар мәдениеті андрон мәдениетінің заңды жалғасы екендігі толық дәлелденсе, бұл екі мәдениеттің арасында Беғазы-Дәндібай мәдениетінің дәнекерлік роль атқаратындығы ғылыми тұрғыда негізделді. Беғазы-Дәндібай мәдениеті әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі және мәдени жетістігінің көрнектілігі жағынан Триполь, Қарасуықтан кем қалмайтын Сарыарқадағы тамаша құбылыс. Бұл мәдениетке ғалым Беғазы, Бұғылы, Саңғыру, Айбас-дарасы, Дәндібай ескерткіштерін жатқызады.

Академик Ә. Марғұланның айтуынша Беғазы атауы көне түркі тіліндегі «биік және аз деген екі сөзді» бірігуінен шыққан. Мұндағы биік сөзі дыбыс үндестігінің әсерімен бек, бегі болып өзгерген. Ал аз сөзі сол кездегі тайпаның атауын білдіреді. Сонда Беғазы атауы Аздардың биігі деген мағына береді. Бұл пікірді белгілі ғалым Қазақстан жер-су атауларының сөздігін жасаушы Е. Қойшыбаев та қуаттайды.

Қола дәуірінің алғашқы кезіндегі құрылыстармен генетикалық байланыс болса да Беғазы ескерткіштері аса күрделілігімен, қабырғалары гранит плиталармен салынғандығымен ерекшеленеді.

Қола дәуірінің немесе Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ескерткіштері шығысы Абралы тауымен Шыңғыс жотасынан батысы Ұлытау тауына дейін созылып жатыр. Орталық Қазақстанның қола дәуірін айғақтайтын этап ескерткіштері өзіндік ерекшеліктерімен бөлініп көрінеді, бұл бізге дейін жеткен алғашқы монументалды құрылыс (XII-X және X-VIII ғғ б.э.д.) (Маргулан, 1978) деп көрсетті Ә. Х. Марғұлан.

Бірқатар ғалымдардың пікіріне қарағанда Беғазы-Дәндібай мәдениеті Оңтүстік Сібірдің Қарасуық мәдениетіне тәуелсіз, мүлдем бөлек өзіндік ерекшелігімен дамыған. Көптеген айғақты заттардың табылуы Беғазы-Дәндібай мәдениетінің отаны Оңтүстік Сібір емес, ертедегі металлургиялық орталық Орталық Қазақстан болғанын көрсетті.

Ғұлама ғалым қазақ даласында металлургияның даму тарихына көп көңіл бөліп, ежелгі металлургияның көптеген ескерткіштерін ашты және сипаттама-сын берді. Олар: Жезқазған, Саяқ, Алабұға, Үрпек, Имантау, Шақпақ, Суық Бұлақ, Атасу. Ол өзінің еңбектерінде қазақ даласы алтын мен мыс елі екендігі туралы

ертедегі Геродот, Әл-Идриси, Әбілғазы т.б. еңбектерінде кездестіретініміз деп атап көрсетеді.

Орталық Қазақстанның топонимикасында кенге байланысты терминдер көптеп кездеседі: Жезді өзені, Жезқазған, Қазан сынған – кен қорыту кезінде қазан сынған жер, Қалайы қазған, Кенгей, Кенгір өзені, Кен қорытқан, Қорғасынтау, Ұстаның жалы, Темірші тау. Қазіргі уақытта ғалымның сипаттамаларының дәлелі іспетті Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Жезқазғаннан алпыс шақырымдай жерде Талдысайда металлургия орталығын ашып зерттеуде.

Қола дәуірінен беріқарай келе жатқан тағы бір ескерткіштер тобы, су қоймалары – тоғандар, Ә. Х. Марғұлан еңбектерінде ерекше орын алған көктемгі суы тез сарқылатын далада егін салуға мүмкіндік беретін бұл құрылыстардың маңызы зор. Қарапайым адам мүлдем көңіл аудармайтын жер бетінде нобай ғана сақталған бұл тоғандарды тайып, зерттеп, жобасын сызып алу тек Ә. Х. Марғұлан сияқты қазақ даласын алақанындай оқи білетін, аңғарымпаз кісінің ғана қолынан келеді. Ол кісі оннан аса тоғандардың сипаттамасын беріп, сызбасын жасады.

Ә. Х. Марғұланды «мұртты қорғандарды» зерттеушілердің алғашқыларының бірі деуімізге оның басшылығымен 1946 ж. археологиялық экспедицияның есебі ретінде жазған мақаласы дәлел бола алады. Экспедиция Қарағанды облысының Ұлытау, Жезқазған, Жаңаарқа аудандары территориясында орналасқан қорғандарды зерттеді. Қорғандар Сары-су, Кеңгір, Жезді, Байқоңыр және Бұланты өзендерінің маңында көптеп кездеседі.

Сары-Арқадағы сақтардың өнер туындылары, дүниетанымын көрсететін тасбетіндегі суреттердің ірі тобын Ә. Х. Марғұлан Байқоңыр, Бұланты бойынан, Теректі әулие бұлағының басындағы таулардан тауып зерттеген. Автордың анықтауынша олардың дүниетанымының биік дәрежеде болғаны, өнерінің жетік екені дәлелденген.

Қазақстанның ортағасырлық археология тарихы өте тереңде жатыр. Ортағасырлық ескерткіштерге археологиялық зерттеулер жүргізу арқылы сол уақыттағы халықтардың тыныс-тіршілігінен, сол уақыттың мәдени және саяси өмірінен мол мағұлматтар аламыз. Отандық ғылымда Ә. Марғұланның ортағасырлық ескерткіштерді зерттеулерде де алар орны ерекше. Оның жан-жақты ғылыми-зерттеу еңбектерінде ортағасырлық Қазақстандағы қыпшақтардың этно-мәдени құрылысы мәселесі жоғары орын алады. Болашақта қазақ халқының этноқұрылымында қыпшақ мәселесі негізгі кілті болатыны сенімді болған Ә. Х. Марғұлан бұл мәселені жан-жақты қарастырып отырды. Ол қыпшақтану саласында көрнекі із қалдырды. Шығыстанудың ленинградтық классикалық мектебінен алған білім оның мұсылман әлемінің жазбаша ескерткіштерін: араб, парсы, ежелгі түрік жазбаларын түпнұсқадан оқуына мүмкіндік жасады. Ол ортағасырлық: Ибн Хордадбех, Ибн ал-Факих, Гардизи, ал-Идриси, Бируни, Махмуд Кашгари, Закрия Казвини, Жамал Кашри, Ауфи және басқа да көптеген авторлардың еңбектерін ғылыми айналымға қосты.

Ғұлама ғалым жас ғалымдар мен аспиранттарына тарихи деректерді рет-ретімен қарауға, қол жетерлік барлық жазба ескерткіштерді қамтуға, әр уақыттағы, әртүрлі бағыттағы және кей уақытта бір-біріне қарама қайшы

келетін пікірлерді анықтауға әрқашанда жол сілтеп отырды. Ә. Х. Марғұлан қыпшақтануда айқын із қалдырды, – деп баға берді ҚР ҰҒА академигі Көмеков Б. Е.

Қыпшақ мәселесін зерттеушілерге Қазақстан қыпшақтануының негізін қалаған Ә. Х. Марғұланның ғылыми ойларын айналып өту мүмкін емес. Ол қыпшақ тайпаларының (қыпшақ, құман, қимақ) тарихын зерттеушілерге әл-Идрисидің (XII ғ.) географиялық шығармасындағы зерттеулерге көп көңіл бөлу қажеттігін айтып отырды.

«Қыпшақ тарихы» – Ә. Х. Марғұланның басты арманы болды деді көрнекті ғалым Л. Кызласов өзінің академик жайлы жазған «К портрету ученого и человека» (Кызласов, 2004) – деген мақаласында.

Алғаш рет қыпшақтардың жазба ескерткіштерін зерттеу мақсатында кандидаттық диссертация есебінде өте қиын және осы уақытқа дейін ғылыми мәнін жоймаған «Хандар жарлығының тарихи маңызы» атты тақырыпты таңдады.

Ғұлама ғалым қыпшақтар көшпенді тұрмыс құра жүріп, көпсалалы шаруашылықпен шұғылданған, олар мал да бақты, егін де салды, аң аулап, кен де қорытты, саудамен басқа да әрқилы кәсіппен айналысты деген қорытындыға келді. Ол орта ғасырлардағы қазақ жеріндегі қыпшақтардың географиялық қонысын зерттеуде X ғасырдағы жасырын атымен белгілі парсы тілді автордың «Худуд-ал-Аламына» сүйенді. Өкінішке орай Ә. Марғұланды қыпшақтардың шығу тегі жөнінде нақты дерек жоқ, әйткенмен олардың түркі тілдес этникалық топқа жататыны, тіпті ғұндардың ұрпағы болуы мүмкіндігіне күмәнданып көрген емес. Деректерде кездесетін екі этникалық атау қимақтар мен қыпшақтарды теңестіріп жүргеніміз дұрыс па деген Ә. Х. Марғұланның ойы дәлелдену үстінде. Ал «қыпшақ» сөзінің шығуы жөнінде, түркі тілдестер лексикасындағы «қыпша бел» сөзінен шықты, қыпшақтар қыпша белді деген қызықты ой тастады.

Ә. Х. Марғұлан XIV ғ. бірінші жартысы деп танылған – Нұрадағы қыпшақ қабірін ашты. Бұл қыпшақ қабірі жөнінде 1959 жылы жан-жақты зерттей келелі мақала жариялады.

Ал академиктің басты мақсаты болған ежелгі түркі тақырыбын оның үш оқушысы жалғастырды. Олар С. М. Ақынжанов – қыпшақтар жөнінде бағалы еңбек қалдырды, Б. Е. Көмеков – араб және персі деректері бойынша қимақтар мәселесі және А. Ш. Қадырбаев – XIII-XIV ғғ. түріктер мен ирандықтар жайында ортағасырлық қытай деректерін сөйлетті.

«Қыпшақтар қазақ халқының қалыптасуында негізгі этникалық ядро» болды деп жазды Әлкей Хақанұлының жетекшілігімен қорғаған кандидаттық диссертациясының авторефератында С. Ахинжанов (Ахинжанов, 1973 г.).

Ә. Марғұлан қазақ жеріндегі тас мүсіндерді де ғылыми тұрғыда түбегейлі зерттеді. Ол тас мүсіндерді тауып, көзімен көріп болжап, қолымен ұстап, бұл жөнінде саликалы ой айтып, ғылыми тұжырым жасады. Сөйтіп бұл ескерткіштердің қазақ халқының көне замандарда осы өңірді мекендеген ата-бабаларының мұрасы екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді. Сыртқы

құрылысы бойынша тас мүсіндер екі түрде кездеседі; бір тобы граниттен жасалған төрт бұрышты тас шарбақтың күншығыс жиегінде, екінші тобы үйген тас обалардың күншығыс жақ етегінде. Ғұлама ғалым ежелгі мал өсіруші тайпалардан қалған жоғарыдағы тас мүсіндерді егжей-тегжейлі зерттей келе, олардың даму тарихын екі кезеңге бөледі. Ә. Хақанұлының айтуынша, мұның бірі VI-VIII ғғ. Түркі қағанаты дәуірінде орнатылған тас мүсіндер, екіншісі VII-XIII ғғ. Орталық Қазақстанды мекендеген Қыпшақ тайпаларынан қалған ескерткіштер.

Академик ғалымның тағы бір басты көңіл бөлген мәселесі Орта ғасырдағы тасқа жазылған таңбалар сыры. Ол өзінің «Тамғалы тас сыры» атты мақаласында өзіне дейінгі зерттеген ғалымдардың байқауынша топталған таңбалар бір замандыкі емес, талай ғасырлар ішінде түсірілген деп жазып, өзіне дейінгі жазылған әртүрлі еңбектерге талдау жасап, тас сырын ашуға тырысты.

Тастағы тамғалармен қатар ол тағы бір археологияға байланыстырып зерттеген тақырыбының бірі тарихи дәуірдегі қазақ тайпаларының жазу мәдениеті тақырыбы болды. «Тарихи дәуірдегі қазақ тайпаларының жазу мәдениеті» (Маргулан, 2007) атты мақаласында ғалым Қазақстанның жазба мәдениеті мәселесін тарихи тұрғыдан қарастырды. Тарихи заманнан, неше ғасыр бойы үсті-үстіне топталып келе жатқан «көк тастағы», «құлпы тастағы» жазулар – қазақ халқының білімді, ой-сананы, жазуды жақсы көргенін, оған аса ынта қойғанын, аса жарқын түрде суреттейтін бір ашық дәлел деп – Ә. Марғұлан өз халқына «жазуы болмаған ел» деген атау еш анықтыққа келмейтінін, үстіртін айтылған пікір екендігін деректермен дәлелдеп көрсетті.

Академик Ә. Марғұлан Қазақстанның ортағасырлық қалаларды зерттеудің негізін қалаушылардың бірі болды. Археолог-ғалым басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (ОҚАЭ) 1946-1950 жж. Орталық Қазақстанда, Оңтүстік Қазақстанда, Талас, Шу өңірлерінде және Батыс Қазақстанда археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Орталық Қазақстанда жүргізген археологиялық зерттеулердің барысында 60-тан аса ортағасырлық қалалар мен бекіністер т.б. ескерткіштер ашылды. Олардың 10-ға жуығы Есіл өзенінің бассейнінде, 9-ы Нұраның бассейнінде, 10-ы Сарысудың жағасында, 10-ы Кенгірдің өңірінде, 4-і Жезді өзенінің жағасында, 10-ы Ұлытаудың оңтүстік беткейінде, 1-і Ақтауда, 1 – «Мойынты өзенінің жоғарғы ағысында, 3-і Қарқаралы тауында, 2-і Баянауыл ауданында орналасқан (Маргулан, 1978).

1946 ж. ОҚАЭ ежелгі керуен жолының бойында жатқан отырықшы мәдениет қалдықтарын зерттеу мақсатымен Қаратаудың солтүстік беткейі мен Шу өзенінің төменгі ағысында барлау жүргізіп, Тарсатөбе, Созақ, Бабата, Шолаққорған, Құмкент, Саудакент, Күлтөбе, Ақтөбе, Ақсүмбе қалаларын зерттеді. Ә. Х. Марғұлан қалалардың тарихи-топографиялық жобасын түсіріп, Құмкент қаласын қазба деректегі Кинкат (Кинчат) қаласымен баламалады. Жүргізілген зерттеу кезінде Ә. Х. Марғұлан ежелгі отырықшы мәдениеттің шекарасы Қаратаудың солтүстігінде, Шу, Сарысу өзендерінің төменгі ағысына және Жетіқоңыр төңірегіне дейін созылып жатқанын көрсетті (Маргулан, 1948).

1947 ж. ОҚАЭ Шудың төменгі ағысындағы Тасты қаласында қазба жүргізіп, оның үш кезеңді қамтитын мәдени қабаттарын ашты және Тоғанкөлден Тастыға, онан Көкмұрынға дейін ондаған шақырымға созылып жатқан ежелгі суландыру жүйелерін ашты (Маргулан, 1951).

ОҚАЭ 1948 ж. Шу өзенінің төменгі ағысында барлау жүргізіп Бірлік – Мойынқұм аралығында орналасқан Төрткүл, Көлтабан, Үлкен Ақтөбе, Ақтөбе қалаларын есепке алды және Шудың төменгі ағысы арқылы Бетпақдалаға өтетін керуен жолдарының бағыттарын анықтады.

Ә. Х. Марғұлан басқарған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Жезқазған, Торғай даласы, Шалқар темір жол бекеті арқылы барлау жұмыстарын жүргізді. 1950 ж. Сарайшық қаласына қазба жұмыстарын жүргізіп, Дешті Қыпшақтың керуен жолдарының қилысында тұрған саяси, сауда орталықтарының бірі Сарайшық қаласының сұлбасын жасады. Бірінші рет Сарайшық қаласынан Үргенші қаласына, Торғай және Ұлытау далаларына қарай керуен жолдарының іздері табылды. Экспедиция мұнымен қатар Сағыз, Ембі, Хобда, Темір өзендерінің бойынан елді мекендер мен керуен сарайлардың қирандыларын тапты.

Ғалымның 1961 ж. мақаласында: Отырар – бір кездегі атақты астана, толып жатқан керуен жолының торабы, әйгілі мәдениет, сауда орны болған. X-XV ғғ. Сырдария жағасында мұнан үлкен қала болмаған. Арабтар Орта Азияны жаулап алғанда Отырарды жақсы көргендіктен оны Фараб деп атаған. Қазақстан жерінде әлі талай зерттеулерді күтіп жатқан жерлер бар. Алдағы уақытта Жетісу, Орталық Қазақстан, Ақтөбе, Арал теңізінің бойы, Маңғыстаудан қазба жұмыстарын жүргізу қазақ даласының өткен көне тарихына елеулі жаңалықтар әкелер еді. Осыған орай бұл күндері Отырар жерінде жүріп жатқан қазба жұмысынан да көп жұмыс күтеміз. Ал Отырардың қазылып жатқаны қазақ дәуірінің бергі қабаты ғана. Дегенмен осы қазіргі қазылып жатқан жұмыстардан бір екі жыл көлемінде біраз нәрселер белгілі бола бастады. Ол қазақтардың қалада тұрмады деген пікірдің жоққа шығуы, өндіріс орындары болғанының белгілі бола бастағаны. Дегенмен Отырардың бізге тартар сыйы әлі алда – деп жазды. Қазіргі таңда академиктің болжамы расқа айналып, ғылыми түрде дәлелденеуде.

Ортағасырлық керуен жолдарын зерттеуде Ә. Марғұланның еңбегі көңіл аударарлық. Оның зерттеген керуен жолдары Бетпақ дала бойымен өтетін бірнеше керуен жолдары. Бетпақ дала – Қазақстанның оңтүстігі мен орталық Қазақстан арасында жатқан байтақ шөл дала. Мұның ішінде белгілілері «Хан жолы», «Қарқаралы жолы», «Уанас жолы», «Жеті қоңыр жолы», «Сары су жолы». Бұлардың барлығы бұрын оңтүстік өлкелермен Орталық Қазақстанды, Ертіс бойын, Күнбатыс Сібірді байланыстырып, олардың арасында мәдени, сауда қарым-қатынастарын күшейтуде маңызды болғаны белгілі болған белгілі жолдар (Маргулан, 1949).

Ғалым Тараздан шыққан керуен жолы Оққұм, Қызылқорғанды басып өтіп Болаттауға барғанда Қарқаралы мен Хан жолдарына қосылған дейді. Бұл пікірді Б. Е. Көмеков те қолдайды. Ал М. Елеуов қолдай отырып, қимақ жолының бағытын былайша көрсетеді: Тараздан солтүстікке бет алған қимақ болы Қоңыртөбе, Шөлтөбе, Кавакеттегі елді мекенде арқылы Қонысбай, Оққұм,

Төрткүл, Ынтымақ, Шаруашылық, Байжантөбе қалары мен елді мекендерінен өтіп Ұланбел өткеліне барғанда, Шу керуен жолын кесіп өтіп Шудың оң жағасына шыққан, онан әрі Қызылтұз шатқалы, Ұзынтау, Ақбастау, Саркөл шатқалдары арқылы өтіп Болаттауға барғанда, Хан жолы мен Қарақаралы жолына қосылған (Елеуов, 1998).

Академик Ә. Марғұлан Уванас, Жетіқоңыр жолдары туралы былай дейді: «Уванас және Жетіқоңыр жолдары оңтүстіктегі Отырар, Түркістан және Созақ қалаларынан басталған. Созақтан бірге шыққан бұл жол Шу өзеніндегі Тайөткел (не Көкмұрынтай) өткеліне жеткенде екіге бөлінген: бір жол Жетіқоңыр құмдарына қарай бет алса, ал екінші жол (Уванас) Сарысу, Есіл, Нұра өзендері алқабына Ертістің Төменгі ағысына дейін жалғаса берген»

Оның 1950 ж. шыққан «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан» деген еңбегі ортағасырлық Қазақстанның, нақтылай түссек Жетісудан Оралға дейінгі қалалар жөніндегі бірінші еңбек болды. Осы келелі еңбегінде ғалым: археологиялық материалдар VI-VIII ғғ. Орта Азия мен Қазақстанда қалыптасқан қоныстарды типтерге бөлуге негіз болды. Қоғамдық және тұрғын үйлердің қираған құрылыстарына қарап қоныстарды 6 түрге бөлді. Олар: сауда және қолөнер қоныстары, әскери қамал, керуен сарайлар, жер шаруашылық қоныстары болды. Мұндай қоныс түрлері бір-біріне құрылыс техникасы жағынан ұқсас болғанымен, салу жоспарлары және өлшемдерінде айырмашылықтар болды деп қорытты. Сонымен қатар осы еңбекте Қазақстандағы құрылыс өнерінің даму тарихы да сараланған (Марғұлан, 1950).

Ә. Х. Марғұлан алғашқы болып, отырықшылық мәдениеттің және қалалық мәдениеттің бұрын ғылымда айтылмағын куәларын тауып жаңалық ашты.

Қазақтың белгілі энциклопедист ғалымы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымының және мәдениеттану ғылымының докторы, профессор Әлкей Хақанұлы Марғұланның ғылыми мұраларын теңдесі жоқ байлық деп айтуға болады.

Археология ғылымының мұрасына, Қазақстан археологиясының қалыптасуына Ә. Х. Марғұланның қосқан үлесі өте зор. Ол археология ғылымының дамуына теңдесі жоқ еңбек сіңірді. Ә. Х. Марғұланның ғылыми өмірін Қазақстан археологиясының ажырамас бір бөлшегі деуге болады. Ғұлама ғалымның ғылыми еңбектерін саралау барысында оның еңбектерінен тас ғасырынан бастап ортағасырлар аралығындағы Қазақстан ескерткіштері төңірегінде туындаған барлық сұрақтарға жауап алуға болады.

Ә. Х. Марғұланның 1946 ж. құрған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы қазіргі уақытқа дейін жұмысын жалғастырып келе жатыр. Бұл экспедиция ғалымның бастап кеткен зерттеулерін ұштастыруда деп айтуымызға болады

1991 ж. 28 тамызда Қаз ССР Министрлер кабинетінің № 496 «Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институтын құру» жөнінде қаулысы шықты. 1991 ж. 6 қыркүйекте Археология институты жөнінде Қаз ССР ҒА Президиумының қаулысы қабылданды. Қаулы бойынша жаңа құрылған Археология институ-

тына Қазақстан археологиясының негізін қалаушылардың бірі, белгілі ғалым, археолог, тарихшы, филолог, этнограф, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Әлкей Хақанұлы Марғұланның есімі берілді.

Әдебиеттер

- Ахинжанов С. М. Кипчаки и их политические взаимоотношения с Хорезмом в XI-XIII вв. автореф. Дис. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1973.
- Бейсебаев М. Кең ойдың кемел биігі // Лениншіл жас, 1984, 10 май.
- Елеуов М. Е. Шу мен Талас өңірінің ортағасырлық қалалары (VI-XIII ғ. басы) – Алматы: Қазақ Университеті, 1998. – 21-б.
- Құрманқұлов Ж., Байғұнақов Д. Орталық Қазақстанның қола дәуірі. – Алматы: 2008. – 192 б.
- Кызласов Л. Р. Д. А. Маргулан. К портрету ученого и человека // Ғұлама. Тағдыр. Тағылым. (Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, деркті әңгімелер, очерктер, өлең арнаулар). – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2004. – 19-26 бб.
- Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1966. – С.435.
- Маргулан А. Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане 1946 г. // Известия АН Каз ССР. – Серия археологическая. – 1948. – Вып.4. – С. 125-127.
- Маргулан А. Х. Отчет о работах Центрально Казахстанской археологической экспедиции 1947 года // Известия АН Каз ССР. – Серия археологическая. – 1949. – Вып. 2. – С. 3-36.
- Маргулан А. Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане // Археологические памятники Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1978. – С. 26.
- Маргулан А. Труды по культуре письменности Казахского народа // Библиотека казахской этнографии. – 50 томов. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 8 том. – С. 264
- Маргулан А. Х. Джекказган-древний металлургический центр (городище Милыкудук) // Археологические исследования в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1973. – С. 42.
- Маргулан А. Х. Оседлые поселения VIII-XIII вв. на северных склонах Каратау // Известия АН Каз ССР. Серия археологическая. – 1948. – Вып. 1. – № 46. – С. 109-115.
- Маргулан А. Х. Третий сезон археологической работы в Центральном Казахстане // Известия АН Каз ССР. – Серия археологическая. – 1951. – Вып. 3. № 46. – С. 3-17.
- Маргулан А. Х. Древние караванные пути через пустыню Бетпак – дала // Вестник АН Каз ССР. – 1949. – № 1 (46). – С. 68-78.
- Маргулан А. Х. Из истории городов строительного искусства древнего Казахстана. – Алматы. 1950. – С. 88-94.

Мұзафаров Б. Н.

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,
Павлодар қ., Қазақстан*

ТАУ ТҮЛҒА

XX ғасырдың басында қазақ халқына сый еткен көрнекті перзенті, ұлтымыздың мәртебесін шырқау биікке көтеріп, ғылымның әр саласын бойына біткен дарындылығымен мықтап сіңіре білген, сөйтіп, өзі соңында өшпес игілікті еңбектер қалдырған, академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан дүниеге келді.

Қазақтың энциклопедист – ғалымы, тарихшы, археолог, этнограф, әдебиетші, шығыстанушы, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Бүкілодақтық География қоғамының толық мүшесі, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, қоғам қайраткері Ә. Х. Марғұланның туғанына биыл 110 – жыл толып отыр.

Тарих көшіне зер салып қарасаңыз, Әлкей Хақанұлының тектілігі арғы ата-бабаларынан берілген сынды. Философ, тарихшы, шежіреші әрі ақын М. Ж. Көпейұлының «Қазақ шежіресі» кітабында арғы бабасы Сүйіндіктің шөбересі Құлболдының үлкен қосағы жайында: «Мақпал бәйбішенің астында тор жорға аты бар екен, нар жетелеп судан өтерде қарашұбар манат белдемшесінің етегін жинап алады да, аты да іркілместен үйректей қайқаңдап, нарлары да жүк-мүгімен шегініп тұрып қалмай, байпаңдап өте шығыпты. Өткізбейміз деп тұрғандар ләм-мим дей алмайды. «Пай-пай, бәйбішенің бөкесіне болайын!» – десіпті. Сонда Мақпал бәйбіше: «Күлсең күлерсің, күлерсің, Күндердің күнінде көбің Езуінді жия алмай жүрерсің. Бұл қай бөксе, Айдабол шыққан бөксе, Артың болса, Айдаболдай ұл тап!..» – деп жүре берген екен...» (Дәуітұлы, 1993, 62 б.).

Академиктің «Еңбекпен өткен өмірім» атты тумасында төртінші атасы атақты Олжабай батырдың 1709 жылы Түркістанда туып, 1783 жылы Ерейментауда қайтыс болғаны турасында айтылады. Сонымен қатар әкесі Хақан жайында былай деп жазады: «Ескіше сауатты болумен қатар шешекке қарсы емдейтін шолақ мектепті бітіріп, емшілік кәсіппен айналысқан. Мен ауырғанда екі қолымды артыма байлап қойып әкем бір жұма қасымда отырып қараған, – деп есіне алады. Малы аз болса да көзі ашық, сезімтал, тарихи оқиғаларды көп білетін кісі еді. Қоянды жәрмеңкесіне барғанда кітапты топ-тобымен әкеліп, мені қатты қуантатын...» (Марғұлан, 1986, № 1, 8-16 бб.).

Қазақ көгінде қырандай қалықтаған тұлғалардың бірі, академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан 1904 жылы Баянауыл ауданында (бұрынғы Ақбеттау болысының № 2 ауылында) дүниеге келген. Қара шаңырақтың иесі әкесі Хақан жанұясындағы балаларына ес білісімен қолдарына қалам ұстатып, жазу-сызуға үйретсе керек. Дүние есігін ашқан Әлкей жастайынан-ақ өзінің зеректігін танытады. Бес жасында әкесінің үйретуімен арабша хат таниды. Жас уақытында өзіне керемет әсер қалдырған адамдар қатарында Әлкей Хақанұлы әкесінің құрдасы М. Ж. Көпейұлын, аталас ағасы Жаяу Мұсаны және болашақ қайын атасы Әбікей Сәтбаевты айрықша атайды.

Бастауыш білімді ауылдық мектепте игереді де 1915 жылы Баянауыл басындағы жергілікті қоғамның ұйымдастырған орыс мектебінде білім алады. Бұдан кейін 1919 жылдың соңында Павлодар қаласындағы мұғалімдер даярлайтын курсқа түсіп, оны 1920 жылы аяқтап, Далба мектебінде ұстаздық етеді. Көрнекті ағартушы – педагог, қоғам қайраткері Әбікей Сәтбаевтың қамқорлығымен Әлкей Хақанұлы 1921 жылы Семей педагогикалық техникумына түседі. Осындағы «Таң» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларымен тығыз қатынаста болып, әлеуметтік жұмыстарға белсене атсалысады. М. Әуезовпен танысуы келешек өміріне айтулы әсер еткені және Мұхтармен бірге Абай атамыз туған Шыңғыстау жерінде болып, ұлы ақынның баласы Тұрағұлмен және тағы да басқа зиялылармен кездеседі. 1925 жылы М. Әуезовтің ықпалымен қазіргі Санкт-Петербург қаласындағы Шығыстану институтының түркология бөліміне оқуға түседі. Болашақ ғалым аталмыш институттың қабырғасында оқи жүріп, өз білімін одан әрі байыту үшін Ленинград университетінің тарих-филология факультетінің атақты академик, профессорларының лекцияларын қоса тыңдауға құлшыныс танытса керек. Өнер мен білім ордасының айтулы қазынасы болған, өз алдына көз тартар әлемдік тарихи маңызы бар сұлу қалада, табан тіреген төрт жылда білім бұлағымен молынан сусындайды. Арада екі жыл салып, яғни, 1931 жылы Ленинград қаласымен қайта қауышады да, білімін жетілдіру мақсатында аспирантураға түседі. Мұнда талай ғылыми экспедицияларға қатысып, қаладағы тарихи қолжазбалармен мұрағаттарды ақтарады. Осы оқу орнында жүріп Ә.Хақанұлы 1931-1935 жылдар аралығында Шығыстану институтының оқытушысы қызметін қоса атқарады.

Осы орайда айта кететін бір жайт, Ә. Марғұлан Ленинград шаһарында жүргенінде М. Ж. Көпейұлымен хат жазысып тұрған. *«Ардақты Мәшһүрағайға! Ақырғы жазған хатыңызды алдым, сансыз алғыс айтам... Бұқар жырау мен «Қозы Көрпеш» әңгімесі. Сіздің жинаған «Қозы Көрпештен» жалғыз-ақ Шәкәрім мен Мұхтар жинаған «Қозы Көрпеш» тәуір. Ал, Радловпен Қазанда басылған «Қозы Көрпештен» сіздікі артық. Шәкәрім мен Мұхтардікі – Жанақ ақынның айтқанынан жазылған екен. Онда сурет жағғы күшті, сіздікінің дәлелдері көп. Осы Ленинградтың мемлекеттік кітапханасынан Қазанда басылған сіздің екі кітабыңызды тауып оқыдым. Бір кітабыңыз Шортанбай ақынның зарлы сарынымен жазылған. Жақсы екен. Маған жақсы әсер қалдырды. Түбінде қазақ әдебиетінің тарихы зерттелсе, зар заман ақындарының бірі болып, сіз де тарихтан орын алатын ретіңіз бар көрінеді...» «...Хат жазыңыз. Амандық тілеуші Әлкей. 13 апрель 1929 жыл. Ленинград.» (М. Ж. Көпейұлының шығармалары, 2008, 385 б.).*

Жан-жақты білім алумен қатар қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуге үлкен мән береді. Орыс және шетел жазушыларының туындыларын қазақ тіліне шебер аударып, ұлтымыздың құнды шығармалар қатарын байыта түседі. Десек те, әрбір ғылыми еңбегі – сан ғасырларға жалғасын тауып, асыл дүниелер қатарынан орын алатыны сөзсіз.

1929 жылы белгілі ғалым, түркітанушы Ә. Диваевтың соңында қалған ғылыми еңбектерімен мол мұрасын жүйелей талдай отырып, қазақ халқының

рухани байлығына тәнті болады. Өзінің ғұмырбаяндық жазбасында: «Ә. Ди-ваевтың барлық жазып алғаны 240 дәптер, болмаса 8 мың беттік фольклор қазынасы. Олардың көбі тарихи хикаялар, шежірелер, аңыздар, ертегілер, көптеген эпос жыры... Бір Қорқыт хикаясының өзі сегіз дәптерге жазылған–Асан-қайғы, Бұхар жырау, Абылай, Әбілқайыр туралы аңыздар...» – деп, сыр шертеді (Марғұлан, 1986, № 1, 8-16 бб.).

1936-1938 жылдардағы қуғын-сүргіннің зардабы да ғалымды шет айналып өтпесе керек. Жас ғалым тұтқындалып Ленинградтағы Петропавл қамалында отырады. Кейін аман-есен босатылып жалған жала мен айыптаулар әбден мазасын алған Ә. Марғұлан түбегейлі археологиялық ізденіс жұмыстарына кетуге мәжбүр болады. Қазақстан және Алтай өңірлерінде академик А. Е. Ферман және профессор С. И. Руденконның басшылығымен ұйымдастырылған экспедиция жұмысына қатысады. Экспедиция нәтижесінде болашақ академик наймандар мен адайлар туралы алғашқы ғылыми еңбегін шығарып үлгереді.

Ғалымның ғылым жолындағы табысы, демек, кандидаттық диссертациясының тақырыбы сол тұста аз зерттелген «Хандар жарлығының тарихи маңызы» атты күрделі тақырыпты таңдайды. Көптеген көрнекті ғалымдардың қызығушылығын тудырумен қатар, жоғары бағаға ие болып, 1943 жылы ғалым сәтті қорғап шығады. Ұлттық ғылым академиясының құрылуына, ғылым ордасының тұңғыш сайланған 14 мүшесінің бел ортасында Ә. Марғұланның да болғаны белгілі. Ғұлама ғалым ұзақ жылдар жүргізген зерттеулерінің негізінде 1945 жылы «Қазақ халқының эпикалық жырлары» туралы докторлық диссертациясын қорғап, ғылыми маңызы зор бірнеше еңбектерді жарыққа шығарады. Академияның корреспондент-мүшесі, онан соң 1958 жылы толық мүшесі болып сайланады. Көп жылғы жемісті еңбегі үшін оған 1960 жылы профессорлық ғылыми атақ беріледі.

Қазақ ҒА-ның тұңғыш президенті, академик Қ. И. Сәтбаевтың кеңесі бойынша Ә. Марғұлан Орталық Қазақстандағы көне мәдени ескерткіштерді түбегейлі зерттеу арқылы, ұлтымыздың ұлт болып қалыптасу кезеңдерін дәлірек анықтауға, ғылыми тұрғыда баға берген қазақ ғалымдары ішіндегі бірегейі болатын. Ғұлама ғалымның басшылығымен 30 жылдан астам уақыт ішінде Орталық Қазақстанда археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, қола дәуірінің және алғашқы көшпенді тайпалардың мәдениеті мен шаруашылығы жан-жақты зерттелген еді. Беғазы-Дәндібай мәдениетінің болмысы ғылыми тұрғыда жоғары деңгейде дәлелденеді. Орталық Қазақстанда жүргізілген археологиялық зерттеулердің алғашқы нәтижесі ретінде Ә. Марғұланның тікелей қатысумен жазылған іргелі монографиялық еңбек жарыққа шығып, 1967 жылы Қазақ КСР ҒА-ның Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болады.

Елімізге белгілі археолог-ғалым, марқұм Кемел Ақышев өзінің ұлы ұстазы жайлы: «...Әлкей Хақанұлына етене жақын ғылым саласының бірі-халқымыздың көне мәдениетінің бірі, археология... Бір кезде мұндай ой түйіні Шоқан мен Қаныш Сәтбаевты археологиямен шұқшия айналысуға әкелгенін білеміз. Зерделі Марғұлан мұны уақыт саралатып болса да, өзінің ғалымдық, адамгершілік қайрат-жігерлігімен кәміл ұққан. Тегінде Әлкей Хақанұлын

жоғарыдағы қос заңғардың тұлғалы ізбасары атап жүргеніміз де, түптеп келгенде, ғалымның осындай көрегендігімен қарымдылығында жатса керек...» – деп жылы лебізін білдірген екен. (Ақышев, 2004, 254 б.).

Алайда, ғалымның ең қомақты, сүбелі ғылыми еңбегі – Шоқан мұраларын ондаған қалалардан ғұмыр бойы жинастырып, бір жүйеге келтіріп, 1957-1967 жылдар аралығында бес том жинақ етіп жарыққа шығаруға басшылық жасағаны деуге болады. Академия ғалымдары, әдебиетшілер қауымы Ә. Марғұланның жан-жақты біліміне таң қалысып, сүйсініс білдіре отырып «Тұрған бойы энциклопедия» деп атайды екен. Осы жайында ақыл-кеңесін көп тыңдаған белгілі ғалым, марқұм Шәмшиябану Қанышқызы «Сәулелі әулет» кітабында: «Папам: «Әлкейдің басы толған тарих, жазып алыңдар», – деп талай айтушы еді. Сол қымбат кісілер өмір бойы болатындай көріп, жас кезде талай ғажап шақтардың қадіріне бойламаппыз, енді өкінеміз, қатты сағынамыз...» – десе керек. (Сәтбаева, 1996, 175 б.).

Осы орайда, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтында құрылған, археология-этнология және палеонтологиялық ғылыми зерттеу орталығының директоры, археолог-ғалым Тимур Нұрланұлы Смағұловтың тікелей басшылығымен, Алматы қаласындағы академик Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкерлерімен тығыз байланыс орнатқан. Аталмыш институтпен бірлесе отырып, көптеген археологиялық қазба жұмыстарына қатысып, бүгінгі таңда ауыз толтырып айтатындай ғылыми жетістіктерге жетіп отыр.

Қорыта айтқанда, академик Әлкей Марғұланның алпыс жылдан аса ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі барысында еліміздің ғылымы үшін өзі соңында баға жетпес мол мұра қалдырды. Ғылым жолындағы тынымсыз ізденісімен қоса, ой-танымы, туа біткен қайсарлығы соңынан ерген ұрпақтарына үлгі-өнеге болып табылатыны сөзсіз. Сан салалы ғылымның тұңғыығына тереңнен бойлап, қазақ археология ғылымының негізін қалаған көрнекті ғалымның аса маңызды ғылыми жаңалықтары мен қатар, абзал да ардақты есімін өзі сүйіп өткен халқы әлдеқашан жоғары бағасын берген болатын. Бүгінгі таңда, тарих тудырған дарабоз дарынның, ақылгөй алыптың, өр тұлғасы қазақ рухы мен ғылымының бастауында атойлап тұр.

Әдебиеттер

- Ақышев К. Археология атасы // Ғұлама. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 254 б.
 Дәуітұлы С. // Жалын. – Алматы – 1993. – 62 б.
 М. Ж. Көпейұлының шығармалары. 13 т. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. – 385 б.
 Марғұлан Ә. Х. Еңбекпен өткен өмірім // Жұлдыз. – Алматы – 1986. – № 1 – 8-16 бб.
 Сәтбаева Ш. Сәулелі әулет: ғылыми – көпшілік басылым // – Алматы: Қазақстан, 1996. – 175 б.



Сурет 1. Академик Ә. Х. Марғұлан



*Сурет 2. Академик Ә. Х. Марғұлан
тас мүсіндермен*



*Сурет 3. Академик Ә. Х. Марғұлан
Қарқаралы қазбасында*



Сурет 4. Академик Ә. Х. Марғұлан шәкірттерімен

ЕУРАЗИЯНЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

ПОЛЕВЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ ЕВРАЗИИ

Зайберт В. Ф., Ескендиоров К. З.

Академия «Кокше», г. Кокшетау, Казахстан

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ НА ПОСЕЛЕНИИ БОТАЙ В 2014 г.

Исследование поселения Ботай в 2014 году было организовано филиалом Института археологии им. А. Х. Маргулана МОН РК в г. Астане с участием академии «Кокше» и Национального музея Республики Казахстан. Задачей исследования поселения в 2014 году являлось детальное исследование специфики «спального района», а именно характерные формы жилищ, внутренний интерьер, количество и расположение очагов и других хозяйственных элементов (Зайберт, 2009, 576 с.).

В ходе работ, в центральной части поселения был заложен раскоп площадью 148 кв. м (рис. 1).

При вскрытии культурного слоя в первом горизонте на глубине 10 см было найдено небольшое количество отщепов, скребков и трех фрагментов керамики, а также в квадратах А-1, А-2, А-3, Б-1, В-2, В-3 наблюдалось скопление остеологического материала.

На глубине 20 см в квадратах А-1, А-2, А-3, Б-1, Б-2 зафиксирован гумусированный слой округло-многоугольной формы верхнего контура полуземляночного жилища. Археологический материал представлен изделиями из камня, кремня, кости и керамики. Это скребки, пластины, отщепы, стенки сосуда. На этой же глубине в квадратах А-1, А-2, А-3, Б-3 зафиксированы скопления остеологического материала.

На следующем горизонте (20-40 см) в квадрате А-3 на глубине 20-40 см в 30 см от восточной бровки и в 40 см от северной бровки, в северо-восточном секторе квадрата зафиксированы в 5 см друг от друга (предположительно столбовые ямки) два округлых пятна диаметром 15-20 см, серо-супесной почвенной фракции, вытянутые с запада на восток (рис. 2).

В квадрате Б-1 на глубине 20-40 см в юго-западном секторе квадрата зафиксирована заготовка каменного утюжка овальной формы, длина его 12 см, ширина 5,5 см, толщина 3,5 см, по краям слегка пришлифована.

В квадрате А-1 в его юго-западной и центральной частях зафиксировано скопление костей лошади в хаотичном порядке. В квадрате А-2 имелось незначительное скопление костей лошади. Рядом лежали каменные наковальни длиной 17 см, шириной 12 см, уплощенной формы. В квадратах А-3, Б-3 также зафиксировано скопление остеологического материала.

В центральной части квадрата В-3 зафиксировано темно-гумусированное пятно неправильной овальной формы, длиной 150 см, вытянутое с С-Ю, и шириной 65 см. В северо-восточной части квадрата, в восточной бровке зафиксировано темно-гумусированное пятно, вытянутое с С-Ю 75 см.

На данном горизонте в квадратах Б-3, А-2, А-1 были выявлены хозяйственные ямы, заполненные костями животных и артефактами. Ямы округло-овальной формы диаметрами от 70 до 110 см, глубиной до 30 см.

В квадрате А-2 в его северной и СЗ частях на глубине 40-50 см зафиксирован слегка изменившийся контур жилищного котлована.

В центральной части квадрата В-3 на глубине 50-60 см зафиксировано скопление костей, являющееся заполнением хозяйственной ямы № 1.

В квадрате Б-1 на глубине 50-60 см зафиксирован контур жилищного котлована в восточной части квадрата, вытянутый вдоль восточной бровки.

В юго-восточном секторе квадрата А²-1' на глубине 60 см зафиксировано скопление остеологического материала, также среди данного скопления обнаружены каменные наковальни. В этом же квадрате на этой же глубине было выявлено темно-гумусированное пятно хозяйственного назначения, ориентированное СЗ-ЮВ.

Начиная с глубин 60-70 см вскрытие культурного слоя производилось по предполагаемому контуру жилищного котлована.

В процессе вскрытия горизонта 70-80 см были выявлены следующие артефакты: керамика, отщепы, скребки, ножи, наконечники стрел, наконечники дротиков, бифасы, нуклеусы.

В квадратах Б-3, В-2 на данной глубине зафиксировано скопление остеологического материала. Среди скопления в квадрате Б-3 была обнаружена перламутровая бусина из раковины.

На глубине 90-100 см в квадрате Б-2 было выявлено скопление отщепов разных размеров, среди последних находились фрагменты стенок сосудов.

На глубине 100-110 см зафиксирована овальная очажная конструкция диаметром 150 см. В легком овальном углублении центральной части выделялось пятно с ярким желтым суглинком, а по краям оконтурена углистой почвой. Это следы обрушенности над очажной конструкции табуретом, представлявшем собой подобие усеченной формы плетеной корзины, обмазанной глиной. Из очага взята проба угля на радиоуглеродный анализ (С¹⁴). При вскрытии очажной конструкции были сделаны находки из кремня: скребла, скребки, ножи на отщепах, сколы без обработки (рис. 3).

в которую вошли кроме меня один из руководителей местного частного хозяйства С. Молдабаев, учитель школы Б. Турысбаев, студенты У. Жангалиев, Т. и А. Серикгалиевы. В ходе этой разведки был осуществлён подсчёт рисунков, фото- и видеосъёмка памятника. Некоторые итоги исследования были опубликованы в 2004 г. (Исин, 2004, с. 110-114).

За исследование памятника в 2004 г. принялся специалист по петроглифам, руководитель Восточно-Казахстанской археологической экспедиции З. С. Самашев. Мы изучали памятник в том году в составе его экспедиции. Краткая информация о памятнике приводится З. С. Самашевым в упомянутой нами его докторской диссертации, защищённой в 2009 г., и в коллективном исследовании «Памятники монументального искусства Восточного Казахстана», изданной в 2010 г. К сожалению, приводится ошибочное название горы с петроглифами (Самашев З. и др., 2010, с. 68-69).

В последние годы Абралинский Танбалытас неоднократно посещался нами, а также краеведами города Семей и села Кайнар Абралинского района.

Петроглифы Абралинского Танбалытаса занимают пространство на южном склоне двух сопок Айбас протяжённостью более чем 1,5 км. Рисунки нанесены на гладких поверхностях больших валунных камней тёмного цвета.

Многие валунные камни – магматического происхождения, очень гладкие, имеют большую плотность и звенят при небольшом ударе по ним. Вместе с камнями без изображений они протянулись на расстояние свыше 2 км.

Таблица 1. Количество камней с петроглифами по группам их сосредоточения, расстояние между группами и общая протяжённость памятника (По материалам полевых записей и подсчётов по ним)

| Группы петроглифов памятника по расположению | Количество зафиксированных в 2003 г. камней с изображениями | Протяжённость пространства с петроглифами | Расстояние между этой и последующей группой камней с петроглифами | Общая протяжённость памятника (Протяжённость по линии СВ – ЮЗ вместе с промежутками) |
|--|---|---|---|--|
| 1 | 5 | 75 м | 77 м | 152 м |
| 2 | 13 | 207 м | 92 м | 299 м |
| 3 | 52 | 296 м | 85 м | 381 м |
| 4 | 62 | 222 м | 33 м | 255 м |
| 5 | 38 | 265 м | ~40 м | 305 м |
| 6 | 49 | 210 м | | 210 м |
| Вне групп (в направлениях СВ-ЮВ) | 44 | | | |
| Всего | 263 | 1275 м | 357 м | 1602 м |

При подсчёте валунных камней памятника в 2003 г. было выявлено 263 больших камня с петроглифами. Это примерно десятая часть всех валунных камней в данной местности. При обходе памятника по направлению северо-восток – юго-запад взяли на учёт 6 групп рисунков по их расположению, между которыми имеются пространства без петроглифов. При анализе материала исследователи могут обратить внимание на степень концентрации рисунков в каждой точке памятника и имеющиеся какие-либо различия в изобразительных образах, что может помочь в хронологической и изобразительной интерпретации художественных образов.

Если учесть, что на каждом камне в среднем нанесено по 4 чётко видимых рисунка или символа, принимая цельную композицию за один рисунок, подсчёт камней с петроглифами показывает, что число рисунков значительно превышает то число, на которое указывала Л. А. Чалая в полевом дневнике. Наш подсчёт – не менее 1000-1050. Видимо, отдельные символические, тамгообразные знаки не были восприняты ранее как отдельные рисунки. Впрочем, более точный и профессиональный подсчёт рисунков на памятнике должен быть ещё осуществлён, чем это было сделано в рамках хотя и многочасовой, но всё же ограниченной по времени работы на памятнике.

При характеристике рисунков памятника выделяются такие образы, как верблюды, горные козлы, олени, «копыта коня», солярные и тамгообразные знаки, мифологические композиции, сцены поклонения и жертвоприношений, охоты и погони, ритуальные танцы.

Мы сочли целесообразным сохранить названия сюжетов на 14 камнях, которые приведены А. Х. Маргуланом и издателями его 3-го тома сочинений. Это такие названия, как «Вереница верблюдов», «Верблюды и охотник с копьём» (налицо две разные композиции), «Солярный знак и караван верблюдов» (здесь, видимо, также два сюжета), «Жертвенный камень керейтов», «Поклонение луне», «Горный козёл с козлёнком», «Ритуальный танец», «След копыта скакуна», «Олень», «Символы», «Знаки», «Ритуал жертвоприношения», «Ритуальный танец», «Поклонение небесному божеству» (Маргулан, ил. к 3-му тому, ил. 315-328).

Названия некоторых композиций можно скорректировать по числу повторяющихся образов. К примеру, одну из верениц верблюдов мы назвали «Шесть верблюдов» («Алты түйе»). Абралинскому Танбалытасу присуще характерное для этого памятника стилизованное изображение движущихся по одной линии верблюдов. А. Х. Маргулан называл подобные изображения «кочевыми караванами верблюдов», отмечал, что эти образы перекликаются с древними легендами казахов о Желмае (Маргулан, 2003, с. 8, 14).

Среди мифологических сюжетов мы выделяем такой образ, как «Солнцеголовый Олень» («Күнбасты Бұғы»). Рога оленя трактованы как солнечный диск с расходящимися лучами внутри круга. Этот рисунок, безусловно, имеет мифологическое содержание и повествует о рождении мира, а олень

трактован не только как священное животное, но олицетворён с самим Солнцем. Не вызывает сомнения, что прародителем всего живого на Земле показан олень.

Вообще, видение своего предшественника в жизни на Земле в лице животного, интуитивно чувствуемое древним человеком и характерное для мифологического искусства бронзового и раннежелезного веков, нашло неопровержимое подтверждение в науке лишь в XIX веке.

По хронологии рисунков Абралинского Танбалытаса наиболее выделяются образы бронзового века и раннего железного века. Часть рисунков соотносится с хунно-сарматским временем и периодом раннего Средневековья. Не исключается принадлежность некоторых символов эпохам неолита и энеолита, что требует дополнительного изучения.

Двухколёсная повозка с двумя лошадьми имеет близкие аналоги в творчестве племён эпохи бронзы. То же касается стилизованных изображений верблюдов. Многочисленные образы горных козлов и оленей хронологически соотносимы с ранним железным веком. Более поздними представляются сцены конной охоты. Замечательна по своей динамике и показу многообразия вооружений человека композиция, которую мы назвали «В сражении» («Шайқаста»). В композиции изображены шесть человек, вооружение которых различно. У предводителя воинства над головой в одной руке копьё, в другой дротик. Другие вооружены такими предметами вооружения, как меч, кинжал, палица, камень.

По технике исполнения рисунков преобладает сплошная выбивка. Как отмечает З. С. Самашев, «все рисунки выполнены техникой неглубокой выбивки, в ряде случаев фиксируются следы шлифовки. Особенностью петроглифов Абралы является их слабая патинизация». Крупно- и мелкоточечная техники выбивки по камню не выражены. Прорисовок по контуру немного.

Литература

- Абыралы Танбалытасы // Исин А. Шыңғыстау, Берел, Шілікгі, Абыралы. 1999-2003 жж. Археологиялық зерттеулер. – Семей, 2004. – 183 с.
- Маргулан А. Х. Сочинения. Т. 3-4. – Алматы: Дайк-Пресс, 2003. – 50 с. + вкл. 246 с.
- Маргулан А. Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1979.
- Самашев З. С. Наскальные изображения Казахстана как исторический источник: Дисс. ... докт. ист. наук. – Алматы, 2009. – 406 с.
- Самашев З., Сапашев О., Оралбай Е., Толегенов Е., Исин А., Сайлаубай Е. шығыс Қазақстанның байырғы өнер туындылары – Памятники монументального искусства Восточного Казахстана. – Алматы: ТОО «Археология», 2010. – 216 с.
- Чалая Л. А. Полевой дневник. 1973, 1976 гг. Рукопись. – Личный архив А. Исина.
- Шығыс Қазақстан облысы археологиялық ескерткіштерінің тізбесі – Свод археологических памятников Восточно-Казахстанской области. – Өскемен – Усть-Каменогорск, 2006. – 215 с.

Утепбаев Н. Н.

Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ., Қазақстан

ПЕТРОГЛИФТЕРДЕГІ ЖАСЫРЫН БЕЙНЕЛЕР

Кейінгі 60-70 жылдарда ежелгі тайпалардың өмірін зерттеуде археология ғылымы жан-жақты жетістікке жетті.

Қола және ерте темір дәуірлері жайында археологтардың, өнертанушылардың зерттеулері қазақ петроглифтану ғылымына қосылған үлес болды. Зерттеу жұмыстарында скиф-сібір «аң стилінде», сібір, сақ сармат, батыс скиф немесе қаратеңіз жағасы ерекшеліктері біршама анықталды.

Жартастағы бейнелер – адамзат санасының, әлемтану және әлемді қабылдаудың, оның жетілуін оқу мен қалыптасуының таптырмайтын әмбебап құралына айналды.

Қазіргі таңда петроглифтануда ежелгілердің көркем қабылдау ерекшелік қасиеттер жүйесіне жете көңіл бөлінбей келеді. Ежелгілердің тастағы сурет өнерінің бейнелеу стилі және суреттер топтамаларының идеялық құрылымы, сюжеттерінің тылсым құпиялары, абстракті бейнелеудің ішкі мазмұны сияқты мәселелер де ыждаһаттылықпен зерттеуді қажет етуде.

Ежелгі өнер жаңа трансформациялық көзқарастағы зерттеулерді қажет етеді. Қазіргі заманның этнографиялық жайын талдай келе З. Самашев былай деп жазады: «Мы часто действуем, основываясь не на личном наблюдении, а на знаниях, полученных извне, и такой способ бытия превращает нас в бездумную машину, делает неспособными к творчеству, старые навыки на новую ситуацию. Нужно изменить отношение ко всему известному, чтобы получить возможность действительно увидеть настоящее. Это не значит, что мы должны стереть память, нужно только перестать реагировать, исходя исключительно из прошлых знаний и привычек» (Самашев, 2006, 35-38 бб.).

Соңғы жылдары ежелгі топтардың суреттері туралы тамғалылық стильдегі петроглифтерді техникалық және көркемдік тәсілдердің жиынтығы деген пікір қалыптасты (Марьяшев, Горячев, 2002. 35 б.). А. Е. Рогожинский бұл стильді «натуралдық» ретінде айқындап берді. Бұл екі айқындама да стильдің ерекшеліктеріне түпкілікті баға беру мен тұжырымдауға толық жауап бере алмайды. Оны натуралдық деп атау қиын, өйткені басында сәуле шашқан және күннің дақтары бар құдайлардың бейнесін натурадан алынды деуге келмейді.

Зерттеуші З. Самашев «Петроглифтер кең байтақ Қазақстанның барлық аймақтарында тәжірибе жүзінде айқындалғанымен зерттеу біркелкі емес. Жартастардағы бейнелеу шығармашылық ескерткіштердің маңыздылығы мәдениет тарихының дамуындағы бірегей феномен ретінде – ежелден қазіргі этнографиялық түпкі мәнісі ұғынықсыз (Самашев, 2006. 15 б.) деп жазады.

Шын мәнінде ежелгі өнерді тану, графикалық бейнелеу стилі мен шығармашылық сюжеттерінің мақсаты мен мазмұнын оқу қиынның қиыны екендігі рас.

Я. А. Шер «Суреттің маңызды және айқын элементтеріне стилистикалық талдау жасау аса маңызды» (Шер, 2004. 9-13 б.) десе, М. С. Каган «Көркем шығармашылық жүйесінде стиль проблемасы үнемі өзекті болып қалып отыр» (Каган, 1987. 6-22 б.) деген пікірді айтады.

Петроглифтер – мәдени мұраның бірегей бөлігі. Таңбалы тастар ескерткіштері археологтардың дәстүрлі зерттеу объектілері болып табылғанымен, оларды түбегейлі зерттеу мәселелеріне басқа мамандықтармен бірлесе және басқадай тың әдістерді пайдалану қажеттілігі бар сияқты. Петроглифтер жер қабатының бетінде орналасқандықтан археология ғылымы этнологиямен, психологиямен, өнертанумен, мифология, этносты зерттеумен қатар жүруі керек (Байпақов, Марьяшев, Потапов, 2006. 33-34 б.) деп есептейміз.

Ежелгі шығармаларда көркем ойлаудың метафоралы табиғаты ерекше көрнекі күйінде көз алдына оралады.

Аң стиліндегі скиф-сақ суретші-шеберлердің сәнді бұйымдары – нақты жануарлар формаларының күрделі үйлесімі. Сондай композициялық үйлесімнің негізі тастағы суреттерде жатыр, өйткені өнерде сабақтастықсыз болмайды. Алдыңғы өнер кейінгі өнерге тамырласып отыратындығы мәлім.

Мифологиялық тірі организмдерді бейнелеудің өзі көркем образдың моделі болып табылады.

Ал, көркем образ – көркем шығармашылықтың бүкіл категориясы. Бейнелеу өнерінде көркем образ – өмір құбылыстарын ұғу және әсерлі (картиналар, мүсіндер т. б.) өндіру формасы.

Өнер де ғылым сияқты қоршаған ортаны тану. Бірақ, қоғам мен табиғаттың шынайы заңдылықтарын зерттеу мен ашуға ұмтылатын оқымыстыдан ерекшелігі сол, суретші формаларды жасау және әлемнің көзге көрінетін құбылыстарын бейнелеу арқылы, ең бастысы өзінің дүниетанымын көрсетеді және ішкі сезімін, көңіл күйін білдіреді.

Өнер дәуірді бейнелейді, бұл жағынан алғанда өнерден сенімді де нанымды айна жоқ (Претте, 2002. 8 б.).

Тастағы суреттер ежелгі өнер десек, олардың шығармаларын, стильдері мен бейнелеу тәсілдерін, сюжеттерінің мотивтерін бейнелеу өнері зерттеу әдістері жүйесімен талдау аса маңызды. Археологтар, ежелгі өнерді зерттеушілер тас бетіне түсірілген сюжеттердің графикалық кескіндерін, мән-мағынасы жұмбақ әрі беймәлім таңбаларды зерттеумен келеді.

Біздің пікірімізше, жартастардағы суреттердің интерпретациясына өзгеше көзқарас қажет. Тастағы сюжеттерді талдағанда тұтас көріністі яғни, сюжеттер салынған тақта тастар, тас блоктары, жартас формалары толық есепке алынуы керек. Осындай талдау мүлдем өзгеше нәтиже береді. Тау-тас табиғатпен, ауа кеңістігімен астасып жатқандықтан, ежелгі суретшілер оны да есепке алған сыңайлы.

Бейнелеу өнерінде объектіні не форманы екі жақты (двойственный) қабылдау немесе оптикалық иллюзия, өзгермелі және жасырын бейнелер, жаңылыс

көру – бүркеме, көргенді оймен шешу т. б. (Утепбаев, 2013. 29 б.) көріп қабылдаудың ерекше формалары бар.

Ежелгі немесе қазіргі заман бейнелеу өнері шығармаларының мазмұнын білу үшін арнайы бейнелеу «кодын» меңгеру керек. Шығарманың интерпретациясына терең талдау жасамай мазмұны мен мағынасына көз жеткізу мүмкін емес. Сол себепті кез келген объектіні немесе өнер шығармасын көріп қабылдау мен талдау үшін арнайы білім мен кәсіби тәжірибе қажет. Көрушінің қабылдау структурасы сюжет композициясындағы форманы айырып тануға және ондағы ақпаратты оқуға мүмкіндік береді. Ал, кез келген өнер туындысы, көне заман немесе қазіргі заман болсын, ең бастысы ол образ.

Мысалы, Орталық Қазақстанда Желтау деп аталатын жоталарға жақын жеке-дара орналасқан монументті жартас бар, оған көз тастасаңыз ежелгілердің қолы тиген өнер туындысын аңғарасыз (1-сурет). Осы объектіге мұқият қарасаңыз таңқаларлық монументті мүсін композициясын көресіз. Біздің пайымдауымызша, бұл ескерткіш дала «сфиксі». Басты кейіпкердің бас бейнесі көшпендіге ұқсас. Оның сом төбесінде шалқалап жатқан әйел адамның бас бейнесі көрінеді және оның шашы қоңырқай түсті. Шашта аюдың бейнесі қашалып салынған. Монументті объектіде басқа да кіші образдар бар. Табиғи жартасты ежелгілердің өңдегені айқын байқалады, өңдегендегі олардың мақсаты бізге беймәлім.

Біздің пікірімізше, тастағы бейнелер мазмұнсыз жасалмаған, ол бәлкім діни ғұрыпқа байланысты тылсым күшке табыну орны болар.

Негізінде тастағы суреттер қазіргі заманның абстракциялық бейнелеу формасына келеді.

Абстракция (лат. Abstractio) – затты белгісінен, қасиетінен ажыратып, ойша дерексіздендіру, дерексіз түсінік десек тастағы сурет сюжеттерін қабылдаудың күрделілігі соған пара-пар.

Петроглифтердің екі жақты (двойственный), өзгермелі, бүркеме (маскировка) оптикалық иллюзиямен қабылдануы сюжет мотивтерін оқуға әжептеуір күш түсіреді. Оны арнайы қабылдау үшін дайындық тәжірибесі қажет.

Өнер шығармаларын талдау конотативтік оқу (Утепбаев, 2013. 27 б.) деп аталады.

Ежелгі өнердің күрделілігі сол, петроглифтердегі жасырын образдарды тікелей табиғат аясында көріп қабылдау мүмкін емес, тек меңзей қарау күйінде қала береді. Оған әсер ететін факторлар жетерлік, ол мұқият зерттеуді техникалық құралдардың көмегімен жасаған дұрыс.

Біріншіден, фотосуреттердің немесе компьютерде басылған петроглиф сюжеттерін асығыстық жасамай зерделеуге мүмкіндік болады; екіншіден, түрлі-түсті фотоны монохроматикалы түске айналдыруға болады; үшіншіден компьютерде петроглиф сюжеттерінің нюанстарына көз жеткізе аламыз.

Монохроматикалық түс-сюжеттегі бейнелерді жеңіл ажыратып алуға мүмкіндік береді, оқуды жеңілдетеді, ал түрлі-түсті суретте жаңылыс көру ғажап емес.

Тастағы суреттерді оқып талдағанда оның бетіндегі фигураларға ғана көз тікпей тұтас көріп қабылдауға ұмтылған жөн, оған сюжеттің фоны, тас бедері мен формасы т. б. жатады. Қазіргі бейнелеу өнеріндегідей, ежелгі өнер де тастағы сюжеттерін тұтас формада бейнелеген.

Көлемі мен формалары әр қилы жартас блоктары пішіндерінің өзі сюжеттік шығармаларының өзегі болған сыңайлы.

Мистикалық және мифологиялық образдарды ежелгі суретшілер жартас формаларын елестетіп меңзеген болар және оларды өз өмірінен алған объектілермен, персонаждармен толықтырып отырған. Өздері елестеткен, қиялдаған бейнелерді салғанда тас бетінің бедерін, ондағы жарықтар мен сызаттарды, ойықтар мен дөңестерді есепке алып образдар жасаған. Ал, олар өз кезігінде жасырын образдардың айқындаушы элементтер міндетін атқарған.

Тамғалы ғибадатханасының орталығы саналатын күнбасты құдайлар бейнеленген жартастардағы бүркемелі жасырын образдар соның дәлелі.

Ежелгі суретшілердің бейнелеу стилі, бейнелеу формасы таңқаларлық жайт. Жартастардағы мазмұны күрделі шым-шытырық графика сюжеттерінің ішкі мәні беймәлім әрі жұмбақ күйінде қалып келеді.

Тамғалы – діни ғұрыптарды жасайтын құлшылық ететін және қандайда бір ғаламат тылсым күшке табынатын арнайы орын болып табылатын ғибадатхана екендігін жасырын образдар дәлелдей түседі (2-сурет).

Тамғалының орталық жартасында бірнеше жасырын образдар кезігеді. Фотода орталық тақтатаста жанынан қарағандағы адам кейпіне келетін құдайдың бас нұсқасын аңғаруға болады. Сол образдың басына қонған құс бейнесін де көреміз (3-сурет). Жалпы, ежелгілердің өнерінде басына құс қонған сюжеттер жиі кездеседі. Ондай образдар көктен түскен дегенді білдірсе керек. Жартастағы құдай бейнесінің тұтас бетіне петроглиф сюжеттері салынған солардың ішінде «күнбасты құдайлар» деп аталып жүрген бейнелер де бар.

Осы күнге дейін анықталмаған жасырын образдардың нұсқаларын фотосуреттерден тауып көрелік.

Тамғалы сюжетінде біріне-бірі қарсы бейнеленген екі персонаж бар. Суреттің сол жағында бас киімдегі көшпенді бейнеленсе, оң жақ бөлігінде тақия киген қарияның жанынан қарағандағы образы айқын бейнеленген (4-сурет). Тас бетіндегі петроглиф суреттер образдарды акценттеп тұр. Сюжетте көшпенділердің қарама-қарсы салынған бейнелері соншалықты шынайы.

Жоғарыда атап өткеніміздей бейнесюжеттер фотосуретке басқа жағынан қарағанда да көрініп қалады дедік. Осы фотоның оң жағынан мазмұны өзгеше сюжетті көреміз. Сюжетте екі ер адам және бала арқалаған әйел адам бейнелері жинақы салынған (5-сурет).

Жасырын образдар композициясы соншалықты әсерлі әрі шынайы. Бұл сюжетте тайпаның отбасы бейнеленген болуы да ғажап емес.

Жартас панорамасының орта тұсында қасқыр басының көлемді бейнесі орын алған (6-сурет). Оның маңдай тұсына күнбасты құдай суреті бейнеленген.

Әу баста қасқыр бейнесі көзге ілікпейді, мұқият зерделеп көз салсаңыз образ анық көрінеді.

Қасқыр образы екі жақты (двойственный) көрінеді, оның бұл нұсқасы жаратылыстан пайда болды деуге келмейді, онда ежелгілердің әрекеті қалған.

Құлжабасынан түсіріп алынған «Қаруы бар маскарад киімдегі» деп аталатын фотосуретте (Самашев, 2006. 165-б.) тасқа қашалып салынған құс басты бейненің аң аулау кезі бейнеленген (7-сурет).

Сюжетті мұқият зерделесеңіз, екінші планда қара киімдегі сопы образын көресіз. Сопы бейнесінің оң жағында бірнеше ұсақ образдар салынған.

К. М. Байпақов пен А. Н. Марьяшевтің «Баян-Жүрек петроглифтері» атты кітабындағы 42-суретті талдап көрсек, бүркеме тәсілмен жасалған жасырын образдарды аңғарамыз. Зерттеушілер тастағы сюжетті «Қасқырлар мен теке» деп атаған (8-сурет). Тас бетінде қашалып бейнеленген ондай жануарлар бар. Шын мәнінде ежелгілердің композициялық ойы өзгеше, осы фотоға басқа жағынан қарасақ жанынан қарағандағы адам басының нұсқасын бірден аңғарамыз. Сюжетте оптикалық иллюзия әдісімен бейнеленген үш немесе одан да көп болуы мүмкін образдар бар. Тақта тастың пішіндік формасы жанынан қарағандағы адам басының нұсқасын білдіреді. Тас бетіне салынған петроглиф графикасын ежелгі суретші күрделі композицияға айналдырып әкеткен. Сюжеттің сол жақ бөлігі ер адамның образын берсе, оң жақ бөлігі бірден көзге ілікпейтін әйел адам образын көрсетіп тұр. Сондай-ақ композицияның ортасында үшінші графикалық нұсқа бейнеленген.

Көне өнер шығармаларының мәні мен мазмұнын түбегейлі зерттеу мүмкін емес, өйткені олардың тұрмысынан бейхабармыз. Тек ескерткіш объектілерін зерделеп талдау нәтижелерінің арқасында оған бір қадам жақындай аламыз.

Ежелгілердің бейнелеу мәнері өте күрделі құбылыс, бейнелеу және қабылдау тәсілдері жаратылыспен тығыз байланыста болғандықтан шығармаларының мазмұнына жету оңай мәселе емес.

Біздің пікірімізше, петроглифтануда археологиялық зерттеулермен қатар өнер тілі мен форманы қабылдау заңдарын жетік меңгерген мамандарды да тарту керек.

Петроглифтанудағы интерпретациялық талдаудың кейбір күрделі мәселелері:

1. Көне петроглифтердің әбден тозығы жеткен және кейінгі дәуірлердегі қабаттастырыла бейнеленген графикалардың нұсқалары да оқуға бөгет жасайтындығы;

2. Бүгінгі күнге дейін петроглифтануда тасқа салынған сюжеттердің графикалық стилі жеке бейнелердің графикалық мәні зерттеу мақсаттары болып келеді, бұл дұрыс та болар, бірақ сурет бейнеленген жартастардың формалары мен пішіндері, бояу түстері, тактатас бедерлері ондағы жарықтар мен сызаттар, ойықтар мен дөңестер т. б. зерттеуде есепке алынбай келетіндігі;

3. Тастағы суреттердің сюжеттерін талдаудың аса күрделілігі ежелгі суретшілердің жасырын образдарды бүркеме тәсілмен бейнелеулері;

4. Нақты адам бейнелерін жасырып бейнелеулерінің себебі не, міне осы сұраққа жауап іздеу қажет;

5. Түптеп келгенде, тастағы суреттерде кімдер бейнеленген және суретшілер қандай мақсат қойған ол да беймәлім.

Әдебиеттер

Археология Казахстана. – Алматы: Өнер, 2006. – 256 б.

Байпақов К. М., Марьяшов А. Н., Потапов С. А. Тамғалы петроглифтері. – Алматы, 2006. – 86 б.

Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы: Өнер, 2006. – 200 б.

Байпақов К. М., Марьяшев А. Н. Баян – Жүрек петроглифтері. Петроглифы Баян-Журека. Petroglyphs of Bayan Zhurek. – Алматы: ИД «Gredo», 2008. – 200 б.

Любимов Л. Ежелгі дүние өнері. – Алматы: Мектеп, 1980. – 335 б.

Маргулан А. Х. Казахское народное прикладное искусство. Том 1. – Алма-Ата: Өнер, 1986. – 256 с.


Новоженков В. А. Петроглифы Сары-Арки. – Алматы, 2002. – 125 с.

Претте М. К. Как понимать искусство: Живопись. Скульптура. Архитектура. История, эпохи и стили / Мария Карла Претте, Альфонсо Де Джорджис: Пер. с итал. – М: ЗАО «Интербук-бизнес», 2002. – 432 с.

Утепбаев Н. Н. Скрытые образы древнего искусства. – Семей, 2013. – 121 с.



1 сурет. Орталық Қазақстан. Желтау. «Дала сфинксі»



2 сурет. Тамгалы гибадатханасының орталығы



3 сурет. Тамгалы. Кунбасты құдайлар бейнеленген жартас




4 сурет



4а сурет. Көшпендінің жасырын бейнесі



5 сурет. Бір топ көшпенділердің жасырын бейнелері



6 сурет. Тамгалы. Жартастағы қасқыр бейнесі



7 сурет. Құлжабасы. Қаруы бар маскарад киімдегі



8 сурет. Қасқырлар мен теке. «Баян-Жүрек» петроглифтері

Билялова Г. Д.

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан*

САРЫАРҚА ЕРТЕ САҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ БИЛЕУШІЛЕРІНДЕГІ ЖОЛБАРЫСТЫҢ БЕЙНЕСІ – ПАТШАЛЫҚ КҮШ СИМВОЛЫ РЕТІНДЕ

Жыртқыш аңдардың бейнесі түрлі заттарда кездеседі: киімнің алтын жапсырма тоғаларында; ыдыстардың бетінде, ат-әбзелдерінің бөліктерінде (кекілдіріліктерде, айылбастарда, сұлықтарда), қасықтарда; қару-жарақтардың беті (пышақтардың, қанжарлардың сабы және т. б.). Бейнелеу өнерінде жыртқыштардың көп түрлері бар, олар: мысық тұқымдас (жиі жолбарыс, барыс), кейде қасқыр, аю. Кейде жыртқыштың биологиялық түрін емес, ал белгілі ерекшеліктерін көрсетуге тырысқан.

Б. з. д. I мың. Солтүстік және Орталық Қазақстан жерлерін тасмола тарихи-этнографиялық қауымдастық тайпалары мекен еткен. Олардың қалыптасуы аймақтың тарихи-мәдени дамуын бірнеше ғасырларға белгілеген. Тасмолалық мәдени ерекшеліктердің қалыптасуына басқа ерте сақ мәдениеттер секілді, шаруашылықтың көшпелі нысандарының үдерісі ықпал болған. М. И. Артамоновтың пікірі бойынша бұл «экономикалық және әлеуметтік қатынастардың маңызды құрылысына» апарды және мәдениеттегі милитаризм жүйесін іске асыруын жоғарлатады (Артамонов, 1973, 6-7 бб.). Тұрмыс пен шаруашылықтың жаңа нысандары ерте сақ ұжымындағы барлық ер адамдардың әрқашанда әскери дайындығын қажет етті. М. П. Грязновтың айтуы бойынша, тап осы күйзелісті шақта бірінші орынға «ең батыл, қайсар және іскерлік» жігіттер шығарылған, ал үздіксіз әскери қақтығыстар «жаңа халық қаһармандарын» туғызған (Грязнов, 1961, 7-8 бб.). Жалпы айтқанда ерте көшпенділер қоғамын М. П. Грязнов «ерлік» немесе «қаһарман дәуірінің қоғамы» ретінде белгілеген (Грязнов, 1961, 31-32 бб.).

Өкінішке қарай «Тасмола» халқы бізге өздерінің жазба дәстүрін қалдырмаған, бірақ олардың дүниетанымын қалпына келтірудің жалғыз дерегі археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған артефактілердің семиологиялық анализі болып табылады. Яғни, зерттеушіге ең алдымен заттар әлемінің материалдық мәдениетімен қатар рухани жағына да назар бөлу керек.

Ерте көшпенділер мәдениетінің зерттелуі барысында, ғылым шектесетін мәдени құбылыстардың бірі – аң стилі. Бұл мәнердегі жасалған артефактілер тасмола археологиялық мәдениет өкілдерінің дүниетанымы мен идеологиялық (соның ішінде – космологиялық, теологиялық) түсініктерін сипаттайтын басты деректер түрінде көрінеді. «Тасмолалықтар» басқа көптеген ежелгі тайпалар секілді дүниенің шынайылығын мифологиялық ой арқылы түсінген, символ ретінде таңдалған жануардың бейнесі өзінің шынайы табиғаттағы прототипімен тығыз байланыста болуы керек еді. Үйлестік идеологиялық немесе космогониялық жүйесін көрсететін құрал ретінде болып табылады.

Тасмола тайпаларының бестиарий қабандар, грифон, тауешкілер, бұғы, аттың және т. б. жануарлардың бейнесін қамтыған, бірақ өзіміздің назарымызды жолбарыс/барыс/арыстанның жеке бейнесіне аударсақ.

Бүгінгі күні бізге Тасмола V қорымның 3, 4, 6 қорғандарынан; Талды 2 қорымының 2, 4, 5 қорғандарынан; Қарашоқы қорғандарынан қола мен алтыннан жасалған көптеген артефактілер белгілі.

Жолбарыстың бейнесін көрсететін алғашқы олжалардың бірі, алтыннан мәнерленген Тасмола V қорымының 3, 4, 6 қорғандарынан табылған жыртқыштар бейнеленген төрт мүсін болып табылады. Тасмола V қорымның 3 қорғаннан табылған тоға кекілбасар (милык) белдіктің, ал қалған мүсіндер – киім әшекейі ретінде қызмет еткен. М. Қ. Қадырбаевтың пікірі бойынша, оларда дене тұрысы тыныш, бастары оң жаққа бұрылған, тырнақтары ерекшеленген, көздері екі қос дөңгелектермен көрсетілген жолбарыстар бейнеленген (сурет 1) Мир Қасымұлы оларды б. з. д. VI ғ. соңы – V ғ. мерзімдеген (Маргулан и др., 1966, 328-333, 398 бб.).

Бірақ, 2010 жылдардан бастап ең маңызды жолбарыс бейнелері А. З. Бейсеновпен Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданынан 44 км жерде орналасқан Талды-2 қорымынан алынған зерттеулер нәтижесі «сурет б». Қорым орналасақан жерде жеті ірі қорғандар зерттелінген. Қазба жұмыстары барысында 5 қорғанда 30-35 жастағы ер адам жерленген. Антропологиялық сараптама бойынша алынған көптеген жарақаттар, бұл адамды әскери топқа жатқызады. 4 қорғанда 25-30 жастағы ер адам, ал 2 қорғанда шамамен жасы 50-55 құрайтын ер мен әйел адамдар жерленген. Қорымның зерттелуі барысында 200-ге жуық алтын бұйымдар мен 22 000 астам ұсақ әшекейлер табылған. Сонымен бірге 14 қола жебе ұштары, тас моншақтар шыққан. Алтын бұйымдардың арасында жыртқыш мысық тұқымдасының мүсіндері, белдік ұштығы бар құйылған белбеу құрсаулары, портупейлі белдіктің құрсауы, сырға, жыртқыш бейнеленген салпыншақтар таңқалдырады. Сонымен қатар басқа да салпыншақ әшекейлер мен жұқа фольга бөлшектері табылған. Табылған алтын артефактілердің мөлшері, жерлеулер аймақтың көшпелі элитасының ең жоғарғы әлеуметтік топ мүшелеріне тиесілі болғанына куә (Бейсенов, 2011, 12-13 бб.).

Зерттеудің авторы жазғандай, Талды-2 қорымындағы жерленген адамдардың киімі, мысық тұқымдас жыртқыш аңның – жолбарыстың мүсіндерімен әшекейленген.

Оның қырынан бейнеленуі Орталық Қазақстаннан Тыва (Аржан-2) жерлеріне дейін айтарлықтай біркелкі және танымал. Ғалымның пікірі бойынша жолбарыс түріндегі көмкерме, аңшылықта шынайы алынған айбынды батыр, жауынгер, патшаны әсемдеген тері оның ерекше мәртебесін көрсетуде (Бейсенов, 2011, 21 бб.). Зерттеуші Талды-2 қорымынан шыққан мысық тұқымдасты жыртқыштарды Түгіскен, Тасмола олжаларының стилистикалық бейнесімен байланыстырады, дегенмен Талды-2-ден табылған жолбарыстар шынайлығы азырақ (Бейсенов, 2011, 22-24 бб.).

Зерттеуші Қарашоқы (Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы) қорымынан алынған мәліметтерді келтірген, тасмола мәдениетіне жататын қорғандарының

бірінен қырынан «тұрған қалыпта» жолбарыс бейнеленген жапсырма тоға болып табылады (сурет 2). Аңның ала терісі S-тәрізді бұранда нәзік оюмен көрсетілген. Жолбарыстың ұзын төменге қаратылған құйрығының соңында шиыршығы бар, ұзын өткір тырнақтары ерекшеленген. Автор жасалған мәнердің аналогтарын Жетісу (Жалаулы көмбесі) және Алтай (Пазырық мәдениеті) (Бейсенов, 2011, 28-29 бб.), жерлерінде көреді. Бұл түймеліктегі үлкен басты, табандары тырнақты және ұзын құйрығының шеті бүктелген, жүні ирек сызықтармен көрсетілген жолбарыстардың бейнесі Алтайдағы Башадар 2 қорғанынан шыққан саркофақтағы жолбарыс бейнесімен өте ұқсас, осы саркофаг радиокөміртекті сараптама бойынша б. з. д. VI-V ғғ. (650-390 жж. аралығы).

2008 жылы жолбарыстың бір қатар бейнесі Ресейдегі Кичигин I қорымының 5 қорғанынан табылған. Бұл қорымның d – 35 м, h – 1,0 м болып табылатын ең ірі қорғаны. Бүгінгі күні бұл Оңтүстік Зауральядағы тасмола мәдениетінің ең бай жерлеуі. I жерлеу шұңқырынан шыққан заттардың талдауы Кичигино I қорымының 5 қорғанының құрылғанын б. з. д. VII ғ. екінші жартысына жатқызады. Жерлеу құрылысының өлшемі мен күрделілігі, және жерленген бұйымдардың құрамы, осында жерленген ер адамның әскери-аристократиялық басшы болғанын дәлдейді (Таиров, Боталов, 2010, 55-67 бб.).

Қорғандағы жерленген адамның үстіндегі табылған белдікте, тау текенің қарама-қарсы қойылған бастары бар көптеген қола құрсаулар мен тұрған қалпында екі мысық тұқымдас жыртқыштар ілгегі бар екі тоғада бейнеленген. Бәлкім сол жағында, шеттері рельефті бес алтын тоғалар қайыстан жасалған садаққап қойылған, ол жыртқыш мысықтың жатқан сәтін көрсететін бес алтын жапсырма. Олардың ішінен үшеуі кері жағынан үш дәнекерленген шығыршықтан – екеуі үстінгі, біреуі төменгі жағында орналасқан. Екінші жапсырмада да үш дәнекерленген шығыршықтар бар, бірақ біреуі үстінгі жағында, ал екеуі төменгіде бекітілген. Келесі жапсырма екі дәнекерленген шығыршықтан тұрады (екеуіде үстінгі жағында).

Садаққап пен жерленген адамның арасында, белдікке қайыс белбеумен ілінген үлкен сопақ тас қайрағы табылған. Белдікшенің бір шеті, екі аттың қарама-қарсы бастарының протомаларымен бейнеленген, қола жапсырманың айналасын ораған және белдікке екі ілгек арқылы қадалған. Осы айылбас пен жыртқыш құстың стильденген басы бейнеленген соңғы жапсырманың арасында, шығыршықтың үстінде арқасында қыран құсының стильденген басы салынған, «тұрған тұрыста» салынған жыртқыш мысықтың бейнесі көрсетілген. Бұл сақинаға, ұзын мойынды аттың басы түріндегі, қосымша ілгек асылған. Жерленген адамның кеудесінде «жатқан сәтте» мысық тұқымдас жыртқыш бейнеленген алтын рельефті жапсырма табылған (Таиров, Боталов, 2010, 56 б., рис. 3, 4-6; 4, 3-5). Авторлардың ойы бойынша жыртқыш мысық бейнесінің артында арыстан немесе барыс суреттелген. Бірақ біздің пікіріміз бойынша кичигин артефактілерінде үлкен дәрежеде жолбарыс бейнесі бейнелінген. Өйткені кичигин қорғанынан шыққан рельефті алтын жапсырмаларына өте жақын алтын жапсырмалар Орталық Қазақстаннан табылған. Жыртқыштардың

бедерленген мүсіндері жоғарыда айтылып кеткен Тасмола V және Талды-2 қорымдарынан ашылған.

Бүгінгі күні жолбарыс бейнесінің талдауы негізінде, біз бар мәліметтер арқылы Тасмола тайпаларының мәдени және этникалық екі негізгі векторларын анықтап ала аламыз. Біріншісі бізді Шығыс Арал маңындағы ертесак тайпаларының әлеміне апарды.

Түгіскен мен Ұйғарақ қорымдарының зерттелуі әлемге аң стилінде жасалған бірегей олжаларды ұсынды, солардың ішінде мысық тұқымдас жыртқыштың бейнелері де кездеседі. Бұл Оңтүстік Түгіскен қорымының (б. з. д. V ғ.), 53 қорғаннан шыққан он үш алтын қаптапалар, олардың біреуі қорамсақтың қапсырмасы, ал басқалары оның төменгі бөлігін әшекейлеген. 31 қорғаннан табылған басы профилде көрсетілген, «жатқан сәтінде» немесе «келе жатқан» арыстан түріндегі алтын жапсырма белгілі. Сол қорымның 4 және 6 қорғандарынан тағы сондай жыртқыштар бейнеленген жапсырмалар табылған. Соңғы қорғаннан көлемі әртүрлі екі жапсырма шықты. Б. з. д. VII-VI ғғ. мерзімделетін 45 қорғаннан «отырған сәтінде» арыстан бейнеленген, екі серіппелі жапсырмалар және төрт алтын бедерленген тілімшелер шыққан. Ұқсас айылбас Ұйғарақ қорымының 49 қорғанының зерттелу барысында табылған (Вишневская, Итина, 1971, 197-208 бб.).

Екінші байланыс векторы бізді Саян-Алтай шығыстық сақ тайпаларының әлеміне апарды. Тасмолалы бейнелерге б. з. д. V-IV ғғ. мерзімделенетін Шығыс Қазақстаннан (Усть-Буконь) табылған «келе жатқан» қалпындағы мысық тұқымдас жыртқыштың бейнесі өте жақын. Орталық қазақстандық жыртқыш мысықтарға б. з. д. IV ғ. жататын Куйлуг-Хем I қорымының 9 қорғанынан, Кош-Пей қорымының 1 және 2 қорғандарынан алтын жапсырмалардағы бейнелер. Сулуг-Хем I (Тыва) қорымынан шыққан алтын тоғадағы мысық тұқымдасы, сонымен қатар Үлкен Полтав қорғанынан ашылған алтын белдік тілімшесіндегі мысық тұқымдас жыртқыштардың бейнелері өте ұқсас болып табылады (Devis-Kimball, 1995, p. 241-242, table 28).

Бірақ тасмола жолбарыстарына ұқсастығы жақын мүсіндер Тываның солтүстігіндегі орналасқан d – 80 м, h – 2 м Аржан-2 қорғанының зерттелуі барысында табылған. 2001 жылы негізгі «патшалық» жерлеуі ашылған. Ежелгі тонаушылар, шетінде орналасқан басты жерлеуді таба алмаған. Жерлеу шұңқыры жартас монолитіне дейін қазылған және ішіне қарай сәл тереңдетілген, соның нәтижесінде ондағы ағаш жерлеу камерасы жақсы сақталған. Қиманың ішінде ер және әйел адамдардың қаңқасы жерленген. Жерлеу жабдықтарының арасында алтыннан жасалған әшекейлердің байлығы және олардың мұқият орналасуы, патшалық жерлеу ғұрыпының, сонымен қатар киім кешектің реконструкциясын жасауға көмектесті. Ер адамның костюмы жыртқыш мысықтардың (жолбарыс) алтын рельефті мүсіндерімен әшекейленген. Олар оң немесе сол жаққа қаратылып профилды мүсіндер түрінде құйылған, бұл мүсіндердің саны екі жарым мыңнан астам. Сондай – ақ алтын мойын алқада мысық тұқымдастың бейнесі жақсы көрсетілген, анығырақ айтсақ оның сыртқы беті кесек түрінде жасалған, алдыңғы қырында «тұрыс қалпында», бастары оң

жаққа бағытталған, қатарлармен тұрғызылған мысық тұқымдас жыртқыштар бейнеленген (Черемисин, 2008, 52 б.). «Аңдардың шеруі» бейнеленген мойын алқа, сөзсіз иесінің тірі кезінде де пайдаланылған, оған ежелде бір жыртқыш мүсінінің жоқ болуы, сызаттар мен үйкеленген жерлер көрсетеді. Кесектің беткі жағында, жыртқыш мысықтардың 22 мүсіні бар (біреуі ежелгі уақытта жоғалған) төрт қатар, үстіңгі жағында 23 мүсін бейнеген екі қатар орналасқан (сурет 3). Мүмкін, бейнеленген мүсіндердің саны белгілі түсінікте болған. Әйел киімін де сондай жапсырмалар әшекейлеген, бірақ аз мөлшерде. Олар барлығы, ер адамның киіміндегі жыртқыш мысықтары секілді жасалған, бірақ әрқашанда сол жаққа бағытталып бейнеген. Осы мүсіндерді дайындау барысында басқа техниканы қолдаған – жіңішке алтын тілімшедегі бедерлеу тәсілі пайдаланылған. Осыған қарап біз қайсы ер адамның, қайсы әйел адамның әшекейлері болып табылатынын анықтауға көмектесті. Аңдардың жиынтығы бір өрнекті көрсеткен, ал әйел киіміндегі ою – өрнек басқа – алаудың тілдері секілді бейнеленген. Негізінен киімдегі иық пен арқа жағы жапсырмалармен әшекейленген. Аржан 2 жерлеуінен шыққан мысық тұқымдастардың бейнелеу мәнері мен жасалу тәсілінің біркелкілігін анықтап, дала аумағында тек байланыс факторлар ғана емес, сонымен қатар миграциялық жолдарды да аңғару мүмкін. А. И. Мартынов еуразиялық бірліктің қалыптасуына ықпал еткен факторлардың арасынан, территориалды-географиялық (Еуразияның дала аймақтары мен таулы алқаптар), территориалды байланыстар, дала арқылы қарым-қатынастар (коммуникациялық фактор); белгілі табиғи аймақтарды рационалды пайдалануда негізделген экономикалық базис-фактор. Сонымен қатар, ұлан-ғайыр кеңістіктегі бірліктің қалыптасуына: этникалық, идеологиялық, әлеуметтік фактор әсер етті, олар сол кездегі дала өркениетінің бір келкі дамуын көрсетеді. Зерттеуші сыртқы саяси факторының ықпалын да белгіледі, өйткені далалы Еуразия Ежелгі Грек, Ахеменидты Парсы, Қытай әлеміне қарсы тұра алатын аймақ болған. Сол уақытта далалы Еуразия өзінің шаруашылық және тарихи-мәдени бағыты өзгеше аумақ болған (Бейсенов, 2011, 14-20 бб.).

Тасмоладағы жолбарыс бейнесінің семантикасына оралсақ, Оңтүстік Орал маңындағы скиф-сармат өнеріндегі басқа жыртқыш бейнесінің интерпретациялауына көңіл аударуға болады. С. Ю. Гуцалов қасқырдың бейнесін маңызды етіп қарастырады (Гуцалов, 2005, 437-447 бб.). «Жауынгер-жыртқыш» сөзі «жауынгердің іс-әрекетімен, оның батылдығы өлтіруімен, жыртқыш аңның қимылымен» байланыстырылған. Соғыстың кезінде жауынгер жабайы аңға теңестірілген, «furog heroicus» сезіміне енген (Черемисин, 2008, 54 б.). Зерттеушінің сөзі бойынша Орталық Азия көшпелілерінің дүниетанымын салыстырмалы-типологиялық талдау арқылы жыртқыш тобы мен әскери құрылымдардың тікелей байланысын көрсетеді (Черемисин, 2008, 55 б.).

Бірақ, түрлі жерлерде қасқырдан басқа да жауынгерлік символдар «аңның кәрігі» («звериной ярости», мысалы скандинавтардағы аю – берсеркерлер бейнесі (Гуцалов, 2005, 437-447 бб.). Бәлкім тасмолалықтардағы сондай жауынгер аңның бейнесі – жыртқыш мысық тұқымдасының, яғни жолбарыстың бейнелерін жатқызуға әбден лайық.

Д. В. Черемисин қасқыр мен жыртқыш мысықтың арасындағы параллельді ұқсастықты байқап, олардың бейнесін скиф – сақ әлемінің өнерінде жақындығын ерекшелеген. Айтылған жыртқыштардың аң аулау ерекшелігі (жемтігін қылқындырады) – Ордос пен Минусин шұңқырқазанының торевтикасында жолбарыс тұяқты жануарды мойыннан ұстаған сәті көрсетілген (Черемисин, 2008, 53 б.).

Біздің ойымыз бойынша тасмола және аржаннан табылған жолбарыстар бейнесінің мазмұнын түсіндіретін қызықты және маңызды ежелгі үнді, үндіарий мәдениетіндегі мәліметтер болып табылады. Егер біз үндіран тайпаларын Орталық Азия мен Индостан жартыаралына Қазақстан жерінен көшкені туралы ойды ұстансақ, онда сақ пен үндіарий тайпаларының мәдени мұрасының жартысы үндірандық материалдық және рухани мәдениетінде ұзақ уақыт бойы сақталғаны мүмкін.

Сонын өзінде, жолбарыс бейнесі үндіарий мәдениетіне гипотетикалық отанында болғанда енгені мүмкін – жолбарыс (закавказ, кэспи, тұран – лат. *Panthera tigris virgata*) Орта Азия мен Қазақстан жерлерінде XIX ғ. дейін мекен еткен. «Орта Азияда жолбарыстар Сумбар, Атрек, Теджен, Мургаб, Шу және басқа өзендердің тоғайлы және қамысты жерлерді мекендеген. Әсіресе олардың көбісі Әмудария, Сырдария, Іле өзенінің төменгі алқаптарында, Балқашта өмір сүрген». Балхаш жолбарыстары Көкшетау даласына дейін барған, кейде Ақмоланың маңында кездескен; 1887 жылы осы қаланың жанында соңғы жолбарысты өлтірген. 1948 жылға дейін жолбарыс Қарқаралы ормандарында да кездескен (Ержанов, 2001, 112-146 бб.), (Слудский, 1973, 1-5 бб.). Жолбарыстар Алтайда орманды тауларда өмір сүрген, сол жерден түсіп далалы аймақтарға, кейде Барнаулға дейін барған. Үндіарийлер бұл бейнені Үндіге барғанынан бұрын пайдаланғанына күмән жоқ.

Үндістан және үндіарийлік фольклордың зерттеушілері «метафор андар» бейнесінің белсенді пайдалануын дәлелдейді, бұл жауынгер–қаһарманды күшті және қатал аң – жолбарысқа теңестіреді (*nara-śārdūla* «ер-жолбарыс», *bhārata-śārdūla* «жолбарыс-бхарата», *gāja-śārdūla* «патша-жолбарыс» және т. б.) (Васильков, 2012, 57-71 бб.), (Маретина, 2012, 41-56 бб.).

Духшанте патша туралы айтылатын «Махабхаратадан» бір әңгіме бойынша патшаға «ер-жолбарыс» метафорасыдан басқа, Духшанте патшаның орманға аңшылыққа шыққан нөкерлерін «орман тұрғындары» және «аш ер-жолбарыстар» деп атаған. Арджун шығармашылықтағы басты қаһарманды «орман тұрғыны» деп атаған. Зерттеуші бұл терминді элеуметтік жастан өтетіндердің топтарымен байланыстырады, мысалы жас баланың жігіттік жасқа немесе жауынгердің әскери топқа өтуін қарақшылықпен бастамалау.

Қасқыр мен жолбарыс бейнелерінің тоғысы жөнінде жоғарыда жазылған, үнді мәліметтер арқылы біз оны дәлелдедік. Қазіргі Декан мен Оңтүстік Үндістандағы бақташылар тайпаларының мәдениетінде, ежелгі үндіарийлердің архаикалық мәдениетіне ұқсас бір қатар аналогтар бар. Бұл халықтың мифологиясында Кхандобы, Маллари, Майлар құдайларының бейнелері бар. Олар өздерін *vāghuā* (маратхи) және *vaggaūya* (каннада) деп атайды, яғни ежелгіүн-

дiстандық вуāghra «жолбарыс» деген мағынада. Кхандоб-Майлар бхакттардың белгiлерiнiң бiрi салттық құркуманы салуға арналған жолбарыс терiсiнен жасалған қапшық. Бұл ғұрып жолбарыс терiсiнде отырған үндiарийлiк Рудраны және Махараштрадағы Вагхоб секiлдi – «Жолбарыс Әкенi» құрметтеу дәстүрiнен сақталған. Және өзiне жолбарыс пен иттiң бейнелерiн қамтыған Шива-Бхайраның құрметтеуi.

Сонымен, үндiарийлiк фольклор мен эпос бойынша мәлiметтердi келтiрiп және тасмола мәдениетiнiң археологиялық мәлiметтерiн пайдаланып, бiз «тасмола тайпаларындағы» жолбарыс символы үндiарийлiк мәтiндерде жақсы түсiндiретiнiн анықтаймыз. Б. з. д. I мың. бiрiншi жартысында жауынгерлiк одағының символы ретiнде пайда болған жолбарыстың бейнесi Орталық Қазақстан мен оданда шығыстық аймақтарда ертесак мәдениетiнiң билеушiлерiнде патшалық күш символына айналады. Ал «тасмола» билеушiлерiн, әсiресе Талды 2 қорымының 5 қорғанындағы жерленген ер адамды, «ер-жолбарыс» не «жолбарыс-патша» деп атауға әбден дұрыс.

Әдебиеттер

- Артамонов М. И. Сокровища саков. – М.: Искусство, 1973. – 152 с.
- Бейсенов А. З. Талды-2 и памятники раннесакского времени степной Евразии // Сакская культура Сары-Арки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии. Тезисы докладов круглого стола, посвящённого 20-летию Независимости Республики Казахстан. – Караганда, 2011. – С. 14-20.
- Бейсенов А. З. Сары-Арка – колыбель степной цивилизации. – Алматы, 2011. – 32 с.
- Вишневская О. А., Итина М. А. Ранние саки Приаралья // Проблемы скифской археологии. МИА. – 1971. – № 177. – С. 197-208.
- Васильков Я. В. «Мужи-тигры», «человекольвы» и «люди-вепри» в индийском эпосе, культуре и истории // Бестиарий-II. Зооморфизмы Азии: движение во времени. МАЭ РАН. – 2012. – С. 57-71.
- Грязнов М. П. Курган как архитектурный памятник // Тезисы докладов на заседаниях, посвященных итогам полевых исследований в 1961 г. – М., 1961. – С. 22-25.
- Гуцалов С. Ю. Волчье племя (к семантике образа волка в искусстве древних кочевников Южного Урала) // Древности Евразии: от ранней бронзы до раннего Средневековья. Памяти Валерия Сергеевича Ольховского. Сб. статей / Гл. ред. В. И. Гуляев. – М.: Институт археологии РАН, 2005. – С. 437-447.
- Ержанов Н. Т. Перспективы сохранения и рационального использования зверей Казахского мелкосопочника // Редкие и исчезающие млекопитающие Казахского мелкосопочника. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2001. – С. 112-146.
- Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 436 с.
- Маретина С. А. Тигр/лев в мифологической традиции индийцев // Бестиарий-II. Зооморфизмы Азии: движение во времени. – СПб.: МАЭ РАН, 2012. – С. 41-56.

Слудский А. А. Распространение и численность диких кошек в СССР // «Промысловые млекопитающие Казахстана». – Алма-Ата, 1973. – С. 5-106.

Таиров А. Д., Боталов С. Г. Погребение сакского времени могильника Кичигино-I в Южном Зауралье // Археология и палеоантропология евразийских степей и сопредельных территорий. – М., 2010. – 496 с.

Черемисин Д. В. Искусство звериного стиля в погребальных комплексах рядового населения пазырыкской культуры: Семантика звериных образов в контексте погребального обряда. – Новосибирск: ИАЭ СО РАН, 2008. – 136 с.

Devis-Kimball J., Bashilov V. A., Yablonsky L. T. Nomads of the Eurasian Steppes in the Early Iron Age. – Berkeley: Zinat Press, CA. 1995. – 438 с.




1 сурет. Жыртқыш мысықтардың бейнесі, Тасмола V қорымы. 3-4-6 қорғандары. Алтын. Орталық Қазақстан. М. Қ. Қадырбаевтың қазбасы.



2 сурет. Жолбарыстың стильденген бейнесі. Қарашоқы. А. З. Бейсеновтың қазбасы. (Бейсенов А.З. Сарыарқа – колыбель степной цивилизации. – Алматы, 2011. – 16 с.)



2а сурет. Жолбарыстың биологиялық бейнесі
(Королькова Е. Ф. Звериный стиль Евразии. Искусство племен нижнего Поволжья и Южного Приуралья в скифскую эпоху (VII-IV вв. до н. э.). – СПб., 2006, табл. 34, – 203 с.)



3 сурет. Қырыннан тұрған жыртқыштардың мүсіндері. Аржан II. Тыва. К. В. Чугуновтың қазбасы. (Чугунов К. В., Парцингер Г., Наглер А. Золотые звери из долины царей. Открытия российско-германской археологической экспедиции в Туве. – СПб., 2004. – 8 с.)



3а сурет. Қырыннан тұрған жолбарыстың мүсіні. Талды II. Орталық Қазақстан.
А. З. Бейсеновтың қазбасы.
(Бейсенов А. З. Сарыарқа – колыбель степной цивилизации. – Алматы, 2011. – 19 с.)

Сейткалиев М. К.

*Институт археологии им. А. Х. Маргулана,
г. Алматы, Казахстан*

ЖЕТЫТОБИНСКИЙ ГРИФОН

**(к вопросу о переднеазиатском влиянии на искусство кочевников
Семиречья)**

В 1986 году археологическая экспедиция Свода памятников истории и культуры ИИАЭ им. Ч. Ч. Валиханова АН КазССР под руководством Р. Б. Исмагилова продолжила раскопки курганного могильника Жетытобе, начатые годом ранее П. Е. Каратаевым. Памятник находится в Жамбылском районе Жамбылской области в 8 км к северо-востоку от г. Тараза и расположен в предгорной равнине, сформированной вдоль северной части гор Киргизского Алатау недалеко от поймы р. Талас. Могильник протяженностью 1,5 км состоял из 25 насыпей, вытянутых двумя параллельными цепочками по линии север-северо-восток – юг-юго-запад, занимает ровную площадь, с востока на запад пересеченную рядом мелких пересохших саев.

Первая линия курганов состояла из семи крупных курганных насыпей, диаметром от 50 до 73 м, высотой от 4 до 7 м и одной небольшой. Вторая линия находилась к западу от первой и включала в себя 17 курганов и несколько десятков набросов камней. Диаметр насыпей варьировался от 8 до 40 м, высота – от 0,1 до 3 м.

На второй год археологических исследований, проведенных на могильнике, было раскопано тринадцать курганов западной цепочки. К сожалению, все погребения группы были подвергнуты в древности полному разграблению. В ходе раскопок кургана 18 Р. Б. Исмагиловым была найдена золотая бляха с изображением орлиноголового грифона (Байпаков, Капекова, Воякин, Марьяшев, 2011, с. 91). Так как результаты работ, проведенных на данном кургане, не были опубликованы в полном объеме, уместно остановиться на подробном описании погребения и на археологическом контексте, в котором бляха была обнаружена.

Курган располагался в центральной части западной цепочки могильника. Насыпь, сложенная из земли, имела округлую в плане форму, в сечении полусферическую. Зафиксированные на момент исследования размеры кургана составляли: диаметр – 34 м, высота – 3 м.

Под насыпью, в отличие от большинства других курганов могильника, четко фиксировался могильный выкид. Он был расположен по обе стороны ямы (очевидно, кольцеобразно) на расстоянии 2,25-2,5 м от её границ на уровне материка.

Погребение выявлено в центре кургана. Могильная яма была вырублена в скально-галечной породе, имела подпрямоугольную в плане форму и была ориентирована длинными стенками по линии запад-восток. Стенки неровные, сужались к придонной части, дно ровное. Размеры могилы составляли: длина – 4,6 м, ширина – 2,5 м, глубина от уровня материка – 1,1 м.

К узкому западному краю могильной ямы вплотную примыкали два крупных материковых валуна, образующих как бы естественную стенку. В юго-восточном углу, в 0,2 м выше дна, была выдолблена небольшая горизонтальная ниша округлого сечения – длиной 0,57 м, высотой 0,38 м, шириной 0,38 м. В неровностях восточной стенки фиксировались остатки налипшего чёрного растительного тлена. У противоположного, западного, конца примерно на середине высоты лежали куски деревянных жердей.

Погребение ограблено. В процессе выборки заполнения могилы найдено 4 фрагмента красноглиняных станковых сосудов. У западного конца ямы, на самом дне лежала единственная сохранившаяся от ограбления тесненная бляха, публикации которой, собственно, и посвящена настоящая статья.

Бляха с изображением обращенной в профиль фигуры орлиноголового грифона изготовлена из золотой фольги. К сожалению, ни рисунка, ни подробного описания предмета в отчете Р. Б. Исмаилова не приводится. Автор статьи также не имел возможности изучить бляху и составить ее описание с натуры, но ознакомился с ее фотографией, качество которой позволяет использовать ее как источник для умозрительных заключений.

- Пестерева К. А., Николаев Е. Н. Новые археологические памятники Чурапчинского улуса Республики Саха (Якутия) (неолит – эпоха палеометаллов) // Итоги и перспективы научных исследований. – Краснодар, 2014. – С. 30-38.
- Пестерева К. А., Пестерев Д. А., Chlachula J. Новые неолитические памятники Центральной Якутии // Сборник научных трудов Sworld. – 2013. – Т. 51. – № 3. – С. 93-100.
- Степанов А. Д., Кузьмин Я. В., Ходжинс Г. Л. В., Джалл Э. Дж. Т. Интерпретации обряда и проблемные вопросы Кёрдюгенского погребения ымыяхтахской культуры (Якутия) // Археология, этнография и антропология Евразии. – 2012. – № 4 (52). – С. 51-61.
- Pestereva K. A. Neolithic burials of Central Yakutia // The second International Congress on Social Sciences and Humanities/ Vienna. 2014. P. 64-68.

Қожамұратов Д. Н.

«Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайы, Түркістан қ. Қазақстан

ОҒЫЗДАН ЖЕТКЕН ОЖАУ ХАЛЫҚ КӘДЕСІНЕ ЖАРАСА ИГІ

Халық өнері – бағзы замандардан бері Ұлы Даланы мекен етіп келген тай-палардың заттық және рухани көне мәдениетінің дәстүрлі жалғасы. Қолөнер бұйымдарынан қазақ халқының тек өзіне тән төл мәдениеті мен тұрмыс-салты сияқты, ғасырлар бойы оның өзге халықтарға ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері мен қолтаңбасы, өзіндік нақыш бояуы мен әшекей-өрнектерін, тіпті оның жасалуына қарап аймақтық ерекшеліктерін де аңғара аламыз. Олар көшпелілер тұрмысы мен мәдени болмысынан, халқымыздың дүниетанымы мен наным-сенімдерінен мол мағлұмат береді. Қазақ қолөнерінде пайдаланған негізгі шикізат түрлері – тері, жүн, ағаш, ши, сүйек, мүйіз, алтын, күміс, асыл тастар болды.

Адамзат өмірінде белгілі бір орын алатын табиғат нысандарының бірі – ағаш. Баяғы замандардан-ақ адам баласы ағаштың қадір-қасиетін жоғары бағалап, оған табынған. Баршаға белгілі ата-бабаларымыз жапан далада жалғыз өскен ағашты кесуге, қандай да бір зақым келтіруге тыйым салған. Себебі, ол ағашты киелі немесе әулие санаған. Адам баласы жер бетінде пайда болған кезде ең алғаш тұтынған материалы да ағаш еді. Байырғы қазақтар киіз үйден бастап, күнделікті тұрмыста ағаштан жасалған бұйымдарды көптеп қолданған.

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың дамыған заманында да біздің күнделікті өмірімізде ағаштың алатын орны зор, ұста-шеберлер үшін өте маңызды шикізат. Қалтамыздағы сіріңкенің бір тал шырпысынан бастап, кеңбайтақ еліміздің шартарабында жүріп жатқан алып құрылыстарда да ағашсыз көп ісіміз ақсап жатқан болар еді. Айта кететін жайт қазақ жері де орман-тоғайға өте бай (Республикамыздың жалпы орман қоры 22 миллион гектар) (Шоқпаров, 2005, 55 б.).

Ежелгі Римнің тарихшысы әрі жазушысы Танит байырғы германдықтардың емен мен қарағай өте киелі, өйткені ол ағаштарда бүкіл тіршіліктің иелерінің жаны мекендейді деп сенгендігін жазған (Лес и человек, 1979).

Этнографияның берер мағлұматтары әр халықтың өсіп-өркендеу этникалық тегін, әлеуметтік рухани болмысын, мәдени талғамын, және де моральдық-этикалық қалыптарын саралауға көмектесері анық.

Ағаш түрлері жасалатын бұйымдарына қарай таңдалады. Ата-бабаларымыз ағаштың түрін, жай-күйін өте жақсы білген. Бұрынғы уақытта ағашты ию, жұмсартудың тәсілдерін жетік меңгерген. Ол үшін ағашты су құйып малдың қиымен араластырып, жерге көміп тастайды екен. Сол кезде ол қызады да, белгілі бір бабына жеткенде ағаш жұмсарады. Дәл осы сәтте қазып алып, тезге салып, өзіне қажетті қалыпқа иіп, керек бұйымын жасайды. Міне, осындай күрделі әдіс-тәсілдердің арқасында бүгінгі күнге дейін жеткен адам баласының қиялынан туған ғажайып дүниелер пайда болған (Құтышева, 2011).

Себебі, ертеде қазақтың баспанасы киіз үйінен бастап, қарапайым қасығына дейін ағаштан жасалып отырған. Неге десеңіз, ағаш бұйымдар ыңғайлы, пайдалануға тиімді, сонымен бірге ол тұрмыстық зат есебінде ғана емес, сән үшін

де қолданылып, биік өнер дәрежесіне жеткізілген. «Алтынмен аптап, күміспен күптеп» дегендей, әр әулеттің жағдайына қарай зерлеп, әшекейлеп жасалған дүниені тұтынып келген. Ерте кездері бұл өнердің иесін ұста, он саусағынан өнер тамған шебер деп құрмет тұтқан. Қазіргі күні бұл кәсіп қолданбалы сәндік өнер деп айтылады.

Ағаштан түйін түйген қолөнер шеберлері ағашты ойып, қымыз сапыруға арналған ожау, тегене, саптыаяқ, күбі, табак, астаулар, бидай, тары түйетін келі мен келсап, піспек сияқты бұйымдарды жасаған. Ағаштан ойып жасалған кішілеу ыдыс – «гостаған» деп аталса, ас салатын жайпақ ыдыс «табак» деп аталған (Нысанбаев, 1998, 107 б.). Ал қымыз құйып, оны ожаумен сапырып отыруға арналған шұңғыл ағаш ыдыс – тегене. Бұл бұйымды күмістелген темір әшекейлермен, асыл тастармен безендірген. Күбіде немесе сабада әбден пісілген қымыз, алдымен, осындай кең де шұңғыл ыдысқа, одан әрі аяқтарға құйылып көпшілікке таратылатын болған. Той-топырда осындай жұмысты атқарушыны «аяқшы» деген. Тегенеге құйылған қымызды саптыаяқ немесе ожаумен сапырып, аяқ-табакпен таратқан. Ағаштың өзегінен шауып жасалған сабы бар шұңғыл ыдыс «саптыаяқ» деп аталады (Нысанбаев, 1998, 107 б.).

Біз бүгін жоғарыда айтылған қолөнер шеберлердің қолынан шыққан асыл бұйымдардың ішінде ожауға арнайы тоқталмақпыз. Ожауды жалпы негізінен көбінесе қымыз сапыруға, құюға қолданылатын ыдыс деп айтады. Шұңғыл бөліктен және қолға ұстауға ыңғайлы саптан тұрады. Ожау ағаштан, металдан жасалады. Археологиялық деректерге қарағанда, ожаудың ағаштан жасалған түрлерін Орталық Азия халықтары ерте темір дәуірінде-ақ қолдана бастаған, яғни б. з. б. II-ғ да-ақ қолдана бастаған. Металл ожау ХҮІ-ХІХ ғғ. кең тарады. Дәстүрлі қазақ қоғамында дастарқанның шырайын келтіретін мүлік ретінде ерекше бағаланған. Оны қазақ шеберлері әр түрлі ағаштардан (тораңғы, емен, т. б.) ойып дайындаған. Кейде сабы ою-өрнектермен безендірілген ауқатты қазақтар сәндік бұйым есебінде ожауды алтынмен, күміспен әшекейлетіп, кейде сабына асыл тас та орнаттырған.

Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының қорында осындай ожаулардың 10-н астамы сақталған. Оның ішінде ағаштан, мыстан жасалған ожаулар кездеседі. Ясауитанушы Орынбай Дастановтың «әулиелі жерлер туралы шындық» атты еңбегінде, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ішінде «хәлімхана» бөлмесі бар екенін айтады, яғни қазіргі асхана бөлмесі. Сол асханада екі ошақ бар, екеуіне екі үлкен қазан орнатылған. Мұнда «хәлім» пісірілетін болған. Хәлім (қазақтар «әлім» деп атаған) дегеніміз ет қосқан бидай ботқа. Ол Әмір Темірдің «уақыф гамасы» (Вакуф) бойынша, аптасына екі рет (әр дүйсенбі, жұма сайын) екі жарым батпан бидай, екі батпан еттен дайындалуға (Түркістанда бір батпан деп ауырлығы екі пұтқа тең мөлшерді атаған) тиісті болған. Мавзолейде бүгінге дейін жәдігер ретінде сақтаулы тұрған ағаштан ойып жасаған екі астау, бір шөміш бар деп көрсеткен. Асты сол үлкен шөмішпен осы екі астауға салып, қазандыққа шығарған. Сөйтіп жұма намазынан соң әркімге бір қасықтан үлестірген (О. Дастанов, 1967).

Белгілі Махмұд ал-Қашқаридің «Диван Лугат ат-Турк» еңбегінде жалпы ағаштан жасалған ыдысты «**жанак**» деп көрсеткен. «**Жанак**» – деп Оғыздар да ыдысты атаған екен (Қашқари, 2005). Әсілінде осы бір көне сөз «жанакпен»

домбыра, кобыздың «шанағы» бір ұғым екені даусыз. Халқымызда бұл сөздің киелілігі Жанақ деп ұлдарына есім бергенінен-ақ белгілі. Мысалы Жанақ Марабайұлы – айтыс ақыны, жыршы. Сондай-ақ басқа да атаулар бізге көне мұралармен бірге жетіп отыр. Аттың терісінен жасалған қымызды сақтайтын сабаны «**курлук**» деп айтады екен. Жалпы ожауға келетін болсақ парсы тілінде ожауды «**тәғар**» деп көрсетіпті (Жеменей, 2007).

Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының қорында сақтаулы ерекше жәдігердің бірін қолөнерші Шымкент қаласының тұрғыны педагогика ғылымының кандидаты Бәкіржан Айдарбеков 2000 жылы Түркістанның 1500 жылдық тойына арнап ожау жасап, сол ожауды мұражайға сыйға тартқан болатын. Ожаудың жасалу тарихы мен оның жасалу мақсаты жөнінде автор былай дейді: «Түркістандағы Тайқазан бірнеше жылдан бері ожаусыз тұр, (мүмкін бұрын болған да шығар) бірақ қазан тұрған жерде оның серігі ретінде жанында ожау тұру керек деп, ожауын жасауға кірістім. Әрі Түркістан қаласының 1500 жылдығын әлемдік деңгейде атап өту мерекесіне сый ретінде, мен де өнер иесі ретінде танылып, А. Яссауи кесенесіндегі қазан – дүние жүзіндегі ең үлкен Тайқазан болса, осы қазанға арнап ожау жасауға ағаш іздей бастадым. 1999 жылдың желтоқсан айынан бастап, кімнің үйінде үлкен ағаш бар екен деп қараудамын. Ағаш іздеу оңайға түскен жоқ. Мерекелі де, берекелі Наурыз айы басталды. Наурыз айының 5-6-ларында күн қатты ысып кетті. Қатты ысып кетсе, артынан бір суық келетінін білеміз. Наурыздың 7-сі күні кешке жаңбыр, түнде қар жауып, қатты аяз басталды. Азанда талдардың бәрі ақ қырау, қар жамылып талдар қарды денесіне көтере алмай жерге жатып, жатпағаны сынып қалыпты. Күн шақшыйып төбеге көтеріліп, жер ғырт-ғырт, әдемі дауыстар естіледі. Ертеңгілік сабаққа барайын деп, қалың киініп 13 жыл бойы ары-бері сабаққа барып жүрген қуыс көшеме қарай бет алдым. **Сол жолда бір тұт ағашы аппақ қарды көтере алмай иіліп, жолды жауып тастапты, бірінші күні арасынан зорға өттік. Үш күн кесілмей жатты сол ағаш.** Мүмкін іздеп жүрген ағашым осы шығар, не де болса, үй иесінен сұрайын деп, сабақтан қайтып келе жатып үй иесінен сұрадым. Үй иесі: «**Бұл ағашты көктем шығысымен түбімен жұлдыртпасам болмайды, жер жаһанды көлеңке етіп, ештеңе өсірмейді**», – деп кесіп алуыма рұқсатын берді. Ертесіне ағашты абайлап қыркып, керек жерін 1,5 метр кесіп, қалған ағаштарын бұтап, жинап қойдым. Кесіп алған 1,5 метр дөңкені есек арбаға салып үйге әкеліп тапша астына тастадым. Ертесінен сабағымды беріп асығып үйге келдім, тамақ ішіп болған соң, қолыма балтамды, шотымды алып, шабуды бастадым. Алты ай шаптым дегенде, наурыз айының 11-де бастап, тамыз айының 11-інде соңғы жазуын жазып, бояп, әлгі ағаштың ішінде тұрған ожауды, долбарсыз (эскизсіз) жасап шығардым. Ағаштың өзі икемделіп тұрмаса, ондай ожау шығуы мүмкін емес. Ожау бітпей жатып құйма жағы тон беріп үлгерді. **Папа Карло Буратиноны қалай шауып шықса, мен де солай шығардым. Бұл ожауды үш ай ауылда, үш ай қалада жасап, аяқтадым**» (А. Әбілхан, 2012).

Негізінен аса көп қолданысқа ие тұт ағашы жібек құртын өсіруге пайдаланылады. Оның діңінің беріктігіне қарап әлемнің көптеген шеберлері музыка аспаптарын әзірлеуге ең тиімді ағаш ретінде тұт ағашын өте жоғары бағалайтыны да сондықтан. Одан шеберлер музыка аспаптарын тұтас шауып та,

құрап та жасайды, дыбыс жаңғырту қасиеті өте жоғары болады деп есептейді (Д. Шоқпаров, 2005, 64 б.).

«Бір жыл тұт еккен кісі Жүз жыл гауһар терер». *Шығыс нақылы.*

«Тұт еккенің – құт еккенің». *Қазақ нақылы.* – **деуіде содан болар.**

Б. Айдарбеков осы ерекше туындысымен Түркістанның 1500 жылдық тойында көрмелердің көшін бастап тұрды. Бұл атаулы ожау қазіргі таңда Әзірет Сұлтан музейінің қорында КК 2622 санды нөмірімен тіркеліп, сақтаулы тұр. Автордың айтқанындай бұл керемет ожау тайқазанның сыңарындай болып, Қазақстанның көптеген қалаларында ұйымдастырылған көшпелі көрмелерде қойылып, келіп көрушілердің назарларына ұсынылды. Атап айтсақ Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Көкшетау, Талдықорған, Ақтөбе қалаларында көрмеге қойылды.

Екі ойығы бар байқаған жанға бұл ожау екі ожаудың қоспасы іспеттес. Қызығының өзі сонда, бұл екі ойыққа анықтап қарасаңыз үкінің екі көзіне өте ұқсас болып келетінін аңғара алады. Бұндай ожауларды үкі басты ожау дейтіні сондықтан секілді. Кейбір деректерде оны бүйрек ожау деп те атайды екен. Бүйрек ожау – аты айтып тұрғандай шөміші қосарланып, бүйрек тәрізді жасалған сабы ұзын қымызға арналған ожау түрі. Бүйрек ожаумен әдетте, тегештегі қымызды сапырып, аяқ, тостағандарға құяды. Ожаудың қосбүйірлі болып келуі қымыздың құрамындағы ашу барысында пайда болған газды сапырып шығаруды қамтамасыз етеді. Саба, күбідегі қымызды шара, тегенеге қотарған соң ыдыс-аяққа құйып таратпас бұрын әбден сапыру қажеттілігінің бір қыры осында жатыр (Энциклопедия, 2011).

Иә әр заттың өз құпиясы бар. Әсіресе мұражай жәдігерлерінің бағын ашатын да, бабына келістіре таныстыратын да біздің әріптестеріміз. Танымал ұста – Бәкіржан ағамыздың бұл ожауы әлі талайға тандай қақтырары ақиқат.

Әдебиеттер

«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы, 1998 ж.

М. Құтышева, Бөкей Ордасы тарихи-мұражай кешенінің экскурсия жүргізушісі.

<http://kk.wikipedia.org/Ағаш>

Дәркембай Шоқпаров «Қазақтың қолөнері», 55 бет. Алматы, 2005.

Қазақ халқының ұлттық тағамдары кітабы, Атамұра 2011 ж.

Қазақ ұлттық энциклопедиясы, 7 том, 107 бет.

Орынбай Дастанов, «әулиелі жерлер туралы шындық». Алматы, 1967.


Махмұд ал-Кашғари «Диван Лугат ат-Турк», Алматы, 2005.

Ислам Жеменей, «Қазақша-Парсыша сөздік». Алматы, 2007 ж.

Акерке Әбілхан. «Тайқазан ожауы», www.massaget.kz. 22.11.2012 ж.

Дәркембай Шоқпаров «Қазақтың қолөнері», 64 бет. Алматы, 2005.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы, 2011.



1 сурет. Ожаудың ұзындығы 115 см. Диаметрі 18 см


2 сурет. Тайқазанға арналғандықтан, ожаудың басын Тайқазандағы араб сөздерімен өрнектеген



3 сурет. Ожау түркі тілдес халықтар ұғымында достықты, бақытты, мәңгілікті, білдіретін «Қошқар мүйіз», «Бітпес», «Тұйық» сынды қазақ оюларымен әрленген.

Ожаудың қос ернеуі – айқастыра киілер әжелер білезігінің көрінісін еске түсіреді

4 сурет. Әмір Темір шырағданынан алынған айдаһар басы ұшына қарай бейнеленген



5 сурет. Түркістан тойына арнайы жасалғандықтан, ожау сабының орта тұсында Қ. А. Яссауи кесенесі орын тапқан. Кесенеден төмен Түркістанның жасы, ал, екі шетіне «Бисми-л-лаһи-р – Рахмани-р-Рахим» деген Құран сөзі жазылған

6 сурет. Ожауда тек араб сөздері ғана емес, Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы» өлеңінен «Әуелі аят, хадис – сөздің басы, Қосарлы бәйтімәсал келді арасы» шумағынан үзінді жазылған

Толобаева Э. А.

*Факультет истории и регионоведения КНУ им. Ж. Баласагына,
г. Бишкек, Кыргызстан*

**К ВОПРОСУ ИССЛЕДОВАНИЯ ЭТНИЧЕСКОГО СОСТАВА
ТРАДИЦИОННОГО НАСЕЛЕНИЯ КОКАНДСКОГО ХАНСТВА
(исторический анализ)**

Изучение этнического состава населения Ферганы в период Кокандского ханства актуально в общеисторическом плане. Также в том, что при создании культуры и цивилизации Ферганской долины как с древнейших времен, так и в период Кокандского ханства, как и истории, свой вклад внесли множество этнических групп, народов и народностей. Это – естественно. Кокандское ханство являлось полиэтническим ханством. В этом плане одной из актуальных проблем отечественной историографии является изучение в историко-этнографическом аспекте истории и этнографии различных этнических групп, живущих на территории, которая в настоящий момент входит в состав трех государств – Узбекистана (Андижан, Ассак, Коканд, Кувасай, Маргилан, Наманган и Фергана), Кыргызстана (Джалалабад, Ош, Узген, а также окружающие долину с севера, востока и юга горы и предгорья) и Таджикистана (Исфара, Канибад) (Губаева, 1991, с. 4).

Ферганская долина – регион с богатой историей, сложными процессами формирования многонационального населения. Изучение этнического состава и формирования населения Ферганской долины периода Кокандского ханства проблема, привлекавшая внимание исследователей, однако для разных территориальных частей данного региона но она решалась далеко не равномерно и не полно.

Первые сведения о Фергане и ее населении относятся ко II в. до н. э. (Губаева, 1991, с. 7). В китайских источниках Фергана упоминалась еще в раннем Средневековье (под названиями *Давань*, реже *Фар-ги*, *Фар-ши*) (Бабаджанов, 2010, с. 91), которая была богатой земледельческой страной с высокоразвитой экономикой, сельским хозяйством и ремеслом.

Со второй половины VI века территория Ферганской долины находилась под властью Тюркского каганата; VII век ознаменовался первыми походами арабов на территорию нынешней Средней Азии, которую они полностью подчинили себе в первой половине VIII века. С середины IX до конца X века долина входит в состав государства Саманидов. Затем им на смену приходят караханиды (конец X – конец XII века). Начало XIII – первая половина – XIV века – период порабощения среднеазиатских народов монголами. Вторая половина XIV – конец XV века – Фергана в составе государства Тимуридов. Начало и конец XVI века – правление династии Шейбанидов. Начало и вторая половина XVII века – в составе государства Аштраханидов.

В начале – XVIII века на территории Ферганской долины возникает новое государственное объединение – Кокандское ханство – со столицей в Коканде.

Данная статья посвящена изучению этнического состава традиционного населения Кокандского ханства, так как сегодня после обретения независимости выходит новые данные и источники, которые требуют заново рассмотреть историю данного периода.

Этнический состав изучаемого региона в XVIII в. выглядел следующим образом: сарты, таджики, узбеки, кыргызы, казахи, кипчаки, каракалпаки, тюрки, кашгарцы, курама, арабы и уйгуры, а также некоторое количество представителей других народов, включая русских.

По данным известного кыргызского ученого – исследователя кокандского периода Кененсариева Т. К., Кокандское ханство было создано двумя этнокомпонентами: это сартия и илатия (Кененсариев, 1997, с. 5), или же как кочевое и оседлое население.

С образованием Коканда как самостоятельное ханство кыргызы были основным населением, а с XIX века если смотреть с территориальной точки зрения, они составляли большинство или значительную часть и внесли большой вклад в образование и дальнейшее развитие данного ханства.

Для изучения формирования и развития этнического состава Ферганы в период Кокандского ханства в различные исторические периоды привлекался комплекс доступных источников: археологических, письменных и этнографических, в том числе собственные полевые материалы.

Археологические источники позволяют осветить древние этапы истории данного региона, говорить о возникновении и развитии отдельных поселений.

К письменным свидетельствам относятся материалы восточных и китайских древних и средневековых историков, географов и путешественников, также статистические источники новейшего времени, содержащие сведения о народонаселении края, особенно достаточно регулярно публиковались с момента присоединения Средней Азии к Российской империи.

Историография данной проблемы раскрывает сущность и структуру Кокандского ханства. Первым российским путешественником был Ф. Ефремов, побывавший в пределах Кокандского ханства и прошедший по территории, где кочевали кыргызы от Оша до Кашгара, также упоминает об их торгово-политических связях с Кокандским ханством и Восточным Туркестаном.

Следующую важную информацию о структуре населения Кокандского ханства мы берем у Ф. Назарова, направленного в Коканд в 1813 году. В своих записках о некоторых народах и землях Средней Азии он привел немало географических, политических, исторических и этнографических сведений о Кокандском ханстве. Он провел в ханстве около года, посетив за это время наиболее крупные города Кокандского ханства. Также автор приводит интересные подробности о жизни населения Ферганской долины, быте и нравах, роли духовенства, некоторых особенностях феодального управления.

Более успешное накопление материалов о Кокандском ханстве и о его населении встречаются в обзорах и описаниях путешественников. Одни из ценнейших материалов по Фергане, в частности о Кокандском ханстве, и ее населению содержатся в трудах выдающегося ученого Ч. Ч. Валиханова. Он

прожил около полугода в Кашгарии, граничившей с Кокандским ханством. Дает сведения о кыргызах, кипчаках, минг, юз, казахах, и по его свидетельству, уже в середине XIX века в Кокандском ханстве проживало около 300 тысяч уйгуров, составлявших весомую часть населения Андижанской, Наманганской, Ферганской областей. Встречаются важные фрагменты о населении Кокандского ханства в трудах А. П. Федченко, который был отправлен по инициативе царского правительства. Он собрал не только богатейшую зоологическую и ботаническую коллекцию как ботаник, но и оставил интереснейшие записи о народах Ферганской долины, их хозяйственной деятельности, быте и обычаях, взаимоотношениях с другими народами.

Позже появляется ряд работ о внутреннем положении и торговле Кокандского ханства, написанных В. В. Вельяминовым-Зерновым по материалам, собранными от очевидцев, добросовестных русских и азиатских купцов.

В XVIII во киргизские родоплеменные группы, по сведениям китайских авторов, образовали две большие группы – западную и восточную. В восточную входили родоплеменные группы, объединявшие правое крыло, кочевавшие Тянь-Шаня, а в западную входили группы ичкиликов и некоторые группы правого и левого крыла, т. е., главным образом, современные ферганские и южные кыргызы (Петров, 1961, с. 66)

Известный археолог А. Н. Бернштам в своей статье «Источники по истории кыргызов в XVIII в.» дает сведения по данным китайских источников, что западные кыргызы находились в 300 ли (по А. Н. Бернштаму 300 ли \square 150 км) и указывает пятнадцать племен, но приводит названия только четырех: эдгене (адыгине), монголдор, черик и босто (Бернштам, 1946, с. 128).

Об этническом составе Ферганской долины и кыргызов достоверно пишет И. К. Петров, который приводит следующие данные относительно изучаемого периода: численность родоплеменной группы басыз была более 1300 кибитов, адыгине и монголдор численностью в 700 кибиток, подразделение черик численностью более 200 кибиток (Петров, 1961, с. 66).

Таким образом, по данным китайских источников Петров дает общую численность (от 1762 и с добавлениями 1782 г.) южно-кыргызских племен, которая достигала 200 тыс. человек (Петров, 1961, с. 67). Кочевавшие в горных зонах Ферганы (север, восток и юг долины) кыргызы занимались преимущественно скотоводством и соответствующими ремеслами (выделка кож, кожевенные изделия и т. п.) (Бабаджанов, 2010, с. 92). Кроме того, значительная их часть проживала в Ошском, Андижанском и Наманганском вилайетах и менее значительная в Ходженте, а также на Памире, в пределах Бухарского ханства (История Киргизской ССР, 1984, с. 503).

О численности всего населения Кокандского ханства, в том числе и кыргызских кочевников, исходит от членов кокандского посольства в Турцию в 1832-1833 гг. По их словам, население Кокандского ханства со всеми городами составляет около трех миллионов жителей, из которых 200 тыс. кибиток (История Киргизской ССР, с. 503) составляет кыргызы, каракалпаки и узбеки.

На юго-запад от Кашгара в 1770 г. кочевали подразделения сарт, тейит, найман, земли которых на севере граничили с кыргызскими племенами (Петров, 1961, с. 67).

Также сарты составляли большинство населения на территории всей Ферганской долины. Здесь проживали как тюркоязычные, так и ираноязычные сарты.

Сарты – оседлое население Ферганы, имеющее как тюркское, так и арийское происхождение, говорящее на тюркском (сартовском) или таджикском языках. В Кокандском ханстве термин «сарт» использовался в значении «оседлый, городской житель» как противопоставление термину «кочевник». Известный ученый В. В. Бартольд отмечал: «В XIX в. слово «сарт» употреблялось часто кокандскими историками, причем неоднократно упоминаются вместе «узбеки, таджики и сарты» (Бартольд, 1964, с. 527). Лучший знаток жизни и быта Кокандского ханства В. П. Наливкин говорит, что оседлое население Ферганы, носящее название сартов, состоит из узбеков и таджиков, но ввиду того, что в пределах Ферганы сарты-узбеки значительно преобладают над таджиками (Наливкин, 1886, с. 3).

Таким образом, этот этноним был неустойчив, как и многие другие обозначения этнических групп, например «кипчаки», одновременно именуемые «киргиз-кипчаками». По другим версиям, «киргиз-кипчаки» возникли в результате смешения двух этнических групп. Кроме того, в центре Ферганской долины проживала большая группа каракалпаков, которые, возможно, переселились вместе с кипчаками (Плоских, 1977, с. 37-42).

На протяжении XVII-XIX вв. к оседлому населению прибавлялись (иногда в массовом порядке) «кашгари» (кашгарцы), о чем в письменных источниках можно встретить довольно часто.

Политической истории Кокандского ханства, жизни и быта его населения. Не потеряли своего значения работы В. П. Наливкина. Труды выдающегося востоковеда В. В. Бартольда по средневековой истории и исторической этнографии имеют важное значение при решении любых научных задач, связанных с исследованием-среднеазиатского региона.

Кроме того, выходит обобщающее исследование С. С. Губаевой, посвященное основным этапам этнической истории Ферганы и этническим процессам в Ферганской долине на рубеже XIX-XX вв.

Итак, рассмотрев опубликованные работы, посвященные этническим и социальным процессам территории Ферганы периода Кокандского ханства, можно отметить, что уровень изученности вопроса формирования и развития этнического состава является недостаточным для такого значительного региона.

Существующие исследования по данному региону имели ограниченный характер либо по территориальному, либо по хронологическому признаку. Пока не существует работ, специально посвященных формированию этнического состава Ферганы периода Кокандского ханства.

Историческая информация о численности разноэтнического населения Ферганской долины в период Кокандского ханства очень скудна. Воспользуемся

сведениями востоковеда А. Куна. По оценкам автора, опиравшегося на устную информацию кокандских чиновников, в 1870-е годы в Ферганской долине проживало 132 тыс. семей оседлого и 60 тыс. семей кочевого народа. Это дает 960 тыс. человек. Если учесть, что кочевники в 1870-е годы в основном состояли из кыргызов и немногочисленных кыпчаков, то можно примерно определить количество кыргызского населения юга Кыргызстана как 350-400 тыс. человек и столько же на севере.

О точной численности коренного населения Кыргызстана в колониальный период трудно вести речь, но всё же приблизительные оценки можно дать. По подсчетам историков, основанным на разрозненных источниках, всего кыргызов было более 800 тыс. человек (Кун, 1874, с. 420-432).

Известный исследователь XIX века Р. А. Ражабов в своей докторской диссертации «История и этнография арабов Узбекистана (середина XIX – начало XXI в.)» дает сведения об образе жизни, культуре, традиционной обрядности арабов Ферганской долины. По его сведениям, арабы являлись одним из наиболее древних народов, проживающих в Фергане, обосновались в регионе еще в средние века. Придя в Мавераннахр, наряду с принятием традиций, обрядов и обычаев, присущих местным народам, они внесли большой вклад в распространение в регионе исламской религии (Ражабов, 2012, с. 3).

Анализ литературы XVIII-XIX вв. показывает, что посетившие край в этот период послы, разведчики, путешественники и ряд исследователей собрали много сведений о населении, проживавшем на территории ханства, его территориальном размещении, этнокультурных особенностях и т. д.

В целом в трудах вышеперечисленных авторов содержатся обширные фактические материалы, касающиеся этнического состава населения Кокандского ханства, что свидетельствует, о том, что данное ханство было образовано полиэтничным населением.

Литература

- Бабаджанов Б. М. Кокандское ханство: власть, политика, религия. – Ташкент – Токио: Yangi nashr, 2010. – 744 с.
- Бартольд В. В. Сарт // Сочинения. Т II, Ч. 2. – М., 1964.
- Бернштам А. Н. Источники по истории киргизов в XVIII в. // Вопросы истории. АН СССР, 1946. – С. 126-131.
- Валиханов Ч. Ч. Записки о киргизах // Собр. соч. в пяти томах. – Алма-Ата, 1985. – Т. 2. – С. 82-89.
- Вельяминов-Зернов В. В. Исторические известия о Кокандском ханстве, от Мухаммеда Али до Худояр-хана. – СПб. – П., 1856. – 42 с.
- Губаева С. С. Население Ферганской долины в конце XIX – начале XX в. – Ташкент, 1991. – 127 с.
- История Киргизской ССР с древнейших времен до XIX в. Т. 1. – Фрунзе, 1984. – с. 798.

- Кененсариев Т. Кыргыздар жана Кокон хандыгы – Ош: ОшМу, 1997.
- Кун А. Некоторые сведения о Ферганской долине // ВС. – 1874. – № 4. – С. 417-448.
- Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии. – СПб., 1821.
- Наливкин В. Краткая история Кокандского ханства. – Казань: Типография Императ. ун-та, 1886. – 215 с.
- Петров К. И. Очерки феодальных отношений у киргизов в XV-XVIII вв. – Фрунзе, 1961. – 175 с.
- Плоских В. М. Киргизы и Кокандское ханство. – Фрунзе, 1977. – 368 с.
- Ражабов Р. А. История и этнография арабов Узбекистана (середина XIX – начало XXI в.): автореф. дис ... д. и. н. – Ташкент, 2012. – 48 с.
- Федченко А. П. Путешествие в Туркестан. – С-Пб., Москва, 1875. Т. 1. Ч. 2. – 161 с.

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТАРИХЫ

ИСТОРИЯ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ

Айтбаева А. Е.

Ә. Х. Марғұлан атындағы археология институты, Алматы қ., Қазақстан

А. Н. БЕРНШТАМНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Александр Натанович Бернштам (1910-1956) – көрнекті археолог, шығыстанушы ғалым 1956 жылы 1-қазанда Керч қаласында большевик-революционердің жанұясында дүниеге келді. Әкесі екі революция мен Қырымдағы азамат соғысын басынан өткерген және 1920 жылы Қырымды азат ету жолында қайтыс болған әскери адам болған. Орта мектептің оқып жүрген кезінде А. Н. Бернштам Қырымдағы Н. И. Репниковтың археологиялық қазбаларына қатысты. 1928 жылы Ленинград университетіне оқуға түсіп, 1931 жылы этнографиялық бөлімде оқуын өте жақсы бітіріп шығады. Талантты жас ғалымның талабын қолдап, ұстаздары аспирантураға қалдырады. Ғалым өзінің шығармашылық жолын осы оқу ордасы қабырғасында бастайды. Ғалымның ғылыми қоғамдық қызметінің алғашқы жылдары өлкетанушылық қозғалыстарға басшылық етумен байланысты болды.

1930 жылы А. Н. Бернштам КСРО ҒА Материалды Мәдениет тарихы институтының қызметкері болып еңбек жолын бастады. Александр Бернштамның алғашқы ғылыми еңбегі «К методике построения археологических отделов в краеведческих музеях» деп аталып 1929 жылы жарыққа шықты (Бернштам, 1929). Ал алғашқы сүбелі еңбегі 1931 жылы жарық көріп, Қырым татарларының тұрғын жайларына арналды (Бернштам, 1931). Содан 20 жылға созылған белсенді ғылыми қызметінің нәтижесінде 200 ге таяу ғылыми жұмыстар жазды.

Кейіннен А. Н. Бернштамды Орта Азия археологиясы қызықтыра бастады (Советская этнография, 1957, 178 б.). 30-жылдардың басына қарай Орта Азия археологиясы дамудың ең алғашқы сатысында тұрған еді. А. Н. Бернштамға осы бір енді ғана дүние есігін ашқан жас сәбидей ғылым саласының негізін салушылардың бірі болу бақыты бұйырған ды. Ғалым тыңнан түрен түргендей Қазақстан мен Қырғызстанның кең байтақ аумағының, Тянь-Шань, Памир, Алтай және Ферғана жазығын археологиялық жағынан зерттеген көшбасшылардың бірі болды.

1936 жылдан бастап А. Н. Бернштам жыл сайын Материалды мәдениет тарихы институтының және республикалық ғылыми-зерттеу ұйымдарының ірі археологиялық экспедицияларына жетекшілік етті. Бұл экспедициялар солтүстікте Қаратау тауларынан оңтүстікте Памир тауларына дейін Шығысында Іле өзенінен Батысында Зарафшанға дейінгі ұлан-байтақ аймақты қамтыды.

1936 жылы ғалым КСРО ҒА Материалды мәдениет тарихы институты, Ғылым Академиясының Қазақ филиалы және Қырғыз КСР ғылым комитеті бірлесе ұйымдастырған Жетісу археологиялық экспедициясына жетекшілік етті. Бұл экспедиция 1936-1938 жж. Талас жазығында, 1938-1940 жж. Шу және Іле жазықтарында археологиялық зерттеулер жүргізді (Бернштам, 1950).

Талас жазығында жүргізілген барлау жұмыстары нәтижесінде Талас өзенінің жоғарғы және төменгі ағысынан, Тараз қаласы маңынан, Асы жазығынан, Шу-Талас өзен аралығынан ондаған ортағасырлық елді мекендер мен қалашықтар ашылды. Кейіннен ерекше белгілі болған Талас өзенінің жоғарғы ағысындағы Кеңкөл обасында, сондай-ақ, Берікқара, Қарғалы Жуантөбе обаларында қазба жұмыстары жүргізілді. Көшпелілердің обаларымен қатар ортағасырлық қалашықтар Тараз, Сарыг, Красная Речка, Ақ-Бешим, Қысмычы орындарында да зерттеу жұмыстары қатар жүргізіліп отырғанды. Сондай-ақ, экспедиция ортағасырлық Құлан, Аспара, Мерке қалашықтарын, сонымен қатар Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігіндегі Талғар және Дүнгене қалашығы мен Іле бойында Қойлық қалашығында қазбалар жүргізілді. (Бернштам, 1946, 110 б.).

Экспедиция жұмысы Жетісудағы отырықшы елді мекендердің хронологиялық шеңберін анықтады. 1936-1939 жж. Таразда оның басшылығымен жүргізілген қазба жұмыстары деректерінің нәтижесінде осы аймақтағы қалалар мен қалалық елді мекендердің даму сипаты анықталды. Ортағасырлық Тараз қалашығында жүргізілген кең масштабты қазбалар және оның округіндегі ескерткіштерді зерттеу нәтижесінде осы аудан археологиялық материалдарын периодизациялау ұсынылды, қала дамуының негізгі этаптары айқындалды, қала аймағының құрылу жолы анықталды.

1939 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы Алматы облысы территориясында зерттеу жүргізді. Экспедиция маршруты төмендегідей болды: Алматы, Іле жазығы бойынша, Талғар, Есік, Түрген, Шелек, Сөгеті жазығы, Шарын, Көктал т. б. Маршруттың жалпы ұзындығы 1500 шақырымға дейін созылды. Бұл жұмыстардың нәтижесінде барлау жұмыстары жүргізілген аудандарының археологиялық картасы құрастырылып, ескерткіштердің сипаттамасы және топонимикалық түсірілімі жасалды (пам стар). А. Н. Бернштамның Алматы қаласын археологиялық зерттеуде қосқан үлкен үлесінің бірі – Алматыдағы отырықшы елді мекендердің жүйесін негіздеу болып табылады.

А. Н. Бернштамның «Прошлое района Алма-Ата» атты еңбегі сол уақытқа дейін жинақталған ақпаратты жүйелеумен қатар, ғылыми айналымға жаңа материалдарды енгізген құнды мәлімет көзі болып табылады. Еңбекте қала орнындағы б. з. д. III мыңжылдықтан кейінгі ортағасырға дейінгі қоныстану көрсетілді. Сонымен қатар, Бернштам Алматының тарихи өткенінің көптеген кезеңдері бойынша археологиялық материалдардың аздығын атап көрсетеді (Бернштам, 1948, 91 б.).

Осы зерттеулер нәтижесінде Жетісу тарихына арналған көп материалдарға қол жеткізілді. Бұл жұмыстар нәтижелері ғалымның «Солтүстік

Қырғизияның археологиялық очеркі» (Бернштам, 1941), «Талас жазығының ескілік ескерткіштері» (Бернштам, 1941), «Жетісу археологиялық экспедициясы еңбектері. «Шу жазығы» (Бернштам, 1950), сондай-ақ «Жетісу археологиялық экспедициясы еңбектері. Талас жазығы» атты жарық көрмей қалған монографиясында жүйеленген.

Осы Жетісу археологиялық экспедициясы нәтижесінде Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласында Оңтүстік Қазақстанда стационарлы археологиялық зерттеулер жүргізетін археологиялық пункт ашылып, осы пункт аясында Археологиялық мұражай жұмысын бастады (Бернштам, 1946, 111 б.).

Экспедиция жұмысы нәтижесінде ортағасырлық қала орындарынан өзге Қарғалы 1, Қайыңды секілді қола дәуірі ескерткіштері ашылды. Осы ескерткіштерден табылған материалдар негізінде ғалым Жетісу өлкесінде оңтүстік сібірлік қоладан өзге «батыстық» әсер де байқалатынын және орта қола дәуірі мәдениетінің солтүстік-қырғыздық вариантын атап көрсетті (Бернштам, 1946, 111 б.). Ұлы Отан соғысының басталуымен 1941 жылы А. Н. Бернштам Үлкен Шу каналы құрылысының салынуына байланысты археологиялық экспедицияға басшылық етті. Бұл экспедиция жұмысы нәтижесінде Қырғызстан тарихы бойынша көптеген материалдар жинақталды.

Қырғызстанда жүріп, А. Н. Бернштам «Қырғыздар мен Қырғызстанның ежелгі дүниеден монғол шапқыншылығына дейінгі тарихы» тақырыбында докторлық диссертациясын жазуды аяқтап, 1942 жылдың 24 тамыз айында қорғады. Зерттеудің негізгі идеясы – қырғыз этносының қалыптасуы ирантілдес жергілікті тұрғындар мен сырттан келген түркітілдес тайпалардың көпғасырлық қарым-қатынасының нәтижесі болғаны болып табылды (Бернштам, 1950). Бұл шығарма ғалымның көзі тірісінде жарық көрмеді. Кейіннен қырғыз әріптесер А. Н. Бернштамның қырғыз тарихына арналған екі томдық жинағына енді (Бернштам, 1997).

1944, 1946, 1949 жылдары Тянь Шань экспедициясына басшылық етіп, Қырғызстан аумағын археологиялық жағынан зерттеуді жалғастыра берді.

Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылуымен Қазақстан археологиясының дамуында жаңа кезең басталды. 1947 жж. А. Н. Бернштам жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмысын бастады. Бұл экспедиция 1947-1952 жж. аралығында барлау, қазба, зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Александр Натанович жетекшілік еткен жиырма археологиялық экспедиция жұмысы нәтижесінде ғылым үшін қола дәуірінен б. з. XVIII ғасырына дейінгі уақытты қамтитын дәуірлер тарихынан мәлдімет беретін үлкен көлемді материалдар жинақталды. жаңа ескерткіштерді фиксациялап және сипаттап қоймай, қолда бар дерек көздерін пайдалана отырып, бұл ескерткіштерге тарихи интерпретация жасауға ұмтылды. Осы жерде айта кететін жәйт. А. Н. Бернштам қытай және ерте түріктік жазба деректерді түпнұсқадан оқи алатыны бұл жұмыстарда ғалымның үлкен нәтижелерге жетуіне мүмкіндік берді.

Археология саласында ғалымның ашқан ірі жетістіктері – экспедициялар нәтижесінде жинақталған материалдар нәтижесінде Жетісудың тарихын қола дәуірінен бастап б. з. XV ғасырына дейінгі уақытты қамтитын археологиялық ескерткіштерін кезеңдеуі болып табылады. «Среднеазиатская древность и е изучение за 30 лет» атты мақаласында ғалым өңір тарихын кезеңдеуде осыған дейін орын алған жаулап алулар бойынша кезеңдеуден бас тартып, мұсылмандыққа дейінгі уақытты келесідегідей кезеңдерді бөліп көрсетті:

1. Скиф-соғдылық б. з. д. VII-IV ғғ.
2. Сақ-хорезмдік б. з. д. IV-III ғғ. (380-250)
3. Кангюй-парфяндық б. з. д. III-II ғғ. (250-140)
4. Кушан-Тохарстандық б. з. д. II ғғ. (б. з. д. 140- б. з. 180)
5. Кейінгі Кушандық б. з. II-V ғғ. (180-420)
6. Ғұн-эфталиттік б. з. V-VI ғғ. (420-570)
7. Түрк- соғдылық б. з. VI-VII ғғ. (570-783) (Бернштам, 1947, 91-92 бб.).

Бұл бағыттағы жұмыстар Жетісумен көршілес Тянь-шань, Ферғана және Памир-Алтай аумақтарында да өз жалғасын тапты (Бернштам, 1952, 111 б.).

Өзінің «Очерки истории Семиречья», «Древняя Ферғана», «Древнейшие тюркские элементы в этногенезе Средней Азии» атты еңбектерінде Қырғызстан, Қазақстан және Өзбекстан халықтарының тарихының өзекті мәселелерін жіктеп көрсетеді.

Түркі халықтарының этногенезі мәселесінде ғалым Жетісудағы ғұн тайпаларының пайда болуы мен әсері мәселесін ерекеше ден қоя отырып көтереді. Ғалым түркілер тарихына үңіле отырып, ғұндар тарихына да қалам тартты, ғұн тарихына арналған бірнеше еңбектер жазды (Бернштам, 1937, 947-968 бб., Бернштам, 1940, 51-77 бб., Бернштам, 1956). 1938-1939 жж. Талас маңындағы Кеңкөл обасы анықталды (Бернштам, 1940, 34 б.). Ал осы саладағы сүбелі еңбегі ретінде біз 1951 ж. жарық көрген «Ғұндар тарихының очерктерін» атап көрсете аламыз (Бернштам, 1951, 256 б.). Бұл еңбегінде ғалым әлеметтік құрылымының ерекшелігі, ғұндардың тайпалық мемлекеттік ұйым ретінде құрылуы және алғаш рет Азия мен Европаның көптеген елдерінің тарихи дамуына әсер еткен Халықтардың Ұлы коньыс аудару үрдісіне алып келген ғұндардың оңтүстік және солтүстік болып екіге бөліну үрдісінің мағызы ашып көрсетіледі. Бұл еңбек 50-жылдары саяси жағдайға байланысты қатаң сынға ұшырады және «өте үлкен саяси қателіктер жіберілген» деп айыпталған болатын. Ғалымды «жаулап алу соғыстарының аппологеті» деп кіналап, еңбекте ғұндардың ролі асыра күшейтіліп көрсетілген дей келе «пантюркизмге» қатысы бар деп санады. А. Н. Бернштам ұстаздық қызметінен және экспедициялық жұмыстардан аластатылды (Бернштам, 1997, 8-9 бб.).

Археологиялық жұмыстардан өзге ғалым түркология саласында да көп еңбек сіңірді. Аспирантурада оқып жүргенде-ақ А. Н. Бернштам ірі түркологтар С. Е. Малов пен А. Н. Самойловтың жетекшілігімен ертетүріктік руналық жазуларды оқып үйреніп, ертетүріктік жаба ескерткіштерді зерттеумен айналысты. Түрік мемлекеті тарихының дерек көзі ретінде орхон-енисей

жазбаларын зерттеу нәтижесінде А. Н. Бернштам VI-VII ғғ. түрік тайпаларының әлеуметтік экономикалық өмірі мен саяси құрылысын зерттеумен айналысып, осы тақырыпта бірнеше ғылыми мақалалар жазды (Бернштам, 1935, 43-54 бб.).

1935 жылы А. Н. Бернштам «Б. з. VI-VIII ғғ. ертетүріктік қауымның әлеуметтік-экономикалық құрылысы. Түріктер Монғолияда» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Ал кейіннен өзгертілулер мен толықтырылулардан соң «VI-VIII ғғ. орхон-енисей түріктерінің әлеуметтік-экономикалық құрылысы. Шығыс түрік қағанаты және қырғыздар» атауымен жарық көрді (Бернштам, 1946, 207 б.).

А. Н. Бернштам түркі, ғұн тарихымен қоса үйсіндер тарихына да қалам тартты (Бернштам, 1947, 41-47 бб.).

Сонымен қатар, ғалым түркі және ұйғыр эрпиграфикасы мен нумизматикаға арналған бірнеше мақалалар жазды (Бернштам, 1956., 1952).

А. Н. Бернштам кезінде В. В. Бартольд жазба деректерге сүйене отырып қарастырған соғдылық отарлау мәселесін зерттеуді жалғастырды. Өзінің «Согдийская колонизация Семиречья» атты еңбегінде осы аумақтың соғдылық отарлауға дейінгі тарихи-мәдени және әлеуметтік-саяси дамуын қарастырып, кезеңдеу мәселелеріне тоқталады. Ғалым VI-VIII ғғ., яғни батыс түркілер және түргештер билігі кезеңінде Жетісуға Зеравшан аумағынан қоныс аударған соғдылықтар әсерінен аймақ тарихы өзгерді деп атап көрсетеді (Бернштам, 1940, 34-43 бб.). Бұл мәселе ғалымдар арасында әлі күнге дейін талас тудыруда.

А. Н. Бернштамның ғылымға сіңірген үлкен еңбегі – В. В. Бартольд пен Н. Я. Бичуриннің классикалық еңбектерін қайта жарыққа шығаруда көп септігі тиді. В. В. Бартольдтың «Очерки истории Семиречья», «Киргизы» (1943) және Н. Я. Бичуринның «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» (1950) атты еңбектерін даярлау және қайта шығаруы болды.

1956 жылдың 10 желтоқсанында бар жоғы 46 жасында әйгілі ғалым дүнеден озды. Санкт-Петербург қаласындағы Богословское бейітіне жерленді.

Қорыта келе, А. Н. Бернштам Қырғызстан мен Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеудің негізін салды деп айтуға болады. Ол тек археолог, этнограф қана емес, тарихшы, көптеген теориялық мәселелерді қоя білген және шешімін табуға тырысқан. А. Н. Бернштам мақалаларында тек жаңа мәліметтер ғана жарияланып қойған жоқ, сонымен қатар тарихи топография, қала және оның тарихи-мәдени байланыста салынуы, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың көшпелі және отырықшы тайпаларының өзара қатынасы, ортағасырлық қала тарихының маңызды проблемалары да біршама шешімін тапты.

Ғылымға сіңірген еңбегі үшін А. Н. Бернштам Қырғыз КСР «Ғылымға еңбегі сіңген қызметкері» және «Еңбек Қызыл Ту орденімен» және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған (Советская археология, 1957, 290 б.).

Ғалымның ғылыми қызметі 25 жылға созылды және артына бай мұра қалдырды. Ғалым еңбектерінің саны 150 ден аса, ал кітаптары 20 шақты. Бұл көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да аса құнды еңбектер болып табылады.

Әдебиеттер

- Бернштам А. Н. Кенкольский могильник. – Л., 1940. 34 с.
- Бернштам А. Н. Археологический очерк Северной Киргизии. – Фрунзе, 1941.
- Бернштам А. Н. Памятники старины Таласской долины. Историко-археологический очерк. – Алма-Ата, 1941.
- Бернштам А. Н. Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок VI-VIII вв. Восточнотюркский каганат и киргизы. – М.-Л., 1946. – 207 с.
- Бернштам А. Н. Прошлое района. – Алма-Ата, 1948. – С. 91.
- Бернштам А. Н. Очерк истории гуннов. – Л., 1951. – 256 с.
- Бернштам А. Н. Избранные труды по археологии и истории кыргызов и Кыргызстана. – Бишкек. – Т. 1. – 1997; Т. 2. – 1998.
- Бернштам А. Н. // Советская этнография. – 1957. – № 1. – С. 178.
- Бернштам А. Н. // Советская археология. – 1957 № 1 289-290 бб.
- Бернштам А. Н. К методике построения археологических отделов в краеведческих музеях. «Методический сборник», 1929.
- Бернштам А. Н. Жилище Крымского предгорья. «Изв. ГАИМК». Т. IX, вып. 6-7, 1931.
- Бернштам А. Н. Происхождение турок. К постановке проблемы. – ПИДО, 1935, № 5-6, 43-54 бб.
- Бернштам А. Н. Наследственность и выборность у древних народов Центральной Азии. – ПИДО, 1935, № 7-8, 160-174 бб.
- Бернштам А. Н. Гуннский могильник Ноин-Ула и его историко-археологическое значение. – ИАН СССР. Отд. обществ. наук, 1937, № 4, 947-968 бб.
- Бернштам А. Н. Из истории гуннов I в. до н. э. (Ху-хань-е и Чжи-чжи-шаньюи). – СБ, т. Бернштам А. Н. 1, 1940, 51-77 бб.
- Бернштам А. Н. Археологические работы в Семиречье // КСИИМК, 1940. IV. 42-48 бб.
- Бернштам А. Н. Согдийская колонизация Семиречья. – КСИИМК, вып. VI, 1940, 34-43 бб.
- Бернштам А. Н. Некоторые итоги археологических работ в Семиречье // КСИИМК, 1946. Вып. XIII. 110-118 бб.
- Бернштам А. Н. К вопросу об усунь // кушан и тохарах // СЭ, 1947. № 3. 41-47 бб.
- Бернштам А. Н. Среднеазиатская древность и ее изучение за 30 лет. ВДИ, 1947, № 3.
- Бернштам А. Н. Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая, № 26, МИА, 1952.
- Бернштам А. Н. Труды Семиреченской археологической экспедиции. «Чуйская долина» [Введение; гл. I, чч. I-II; гл. II; Заключение]. МИА, 14. – М.-Л., 1950.
- Бернштам А. Н. Древнетюркские рунические надписи из Ферганы. ЭВ, XI, 1956.
- Бернштам А. Н. Уйгурская надпись из Эрши (Фергана). ЭВ, VI, 1952.

Зинченко С. А.

*Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики»,
г. Москва, Россия*

**С. С. ЧЕРНИКОВ И ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ
ЧИЛИКТИНСКОЙ ДОЛИНЫ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ
XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА**

Первые упоминания об археологических памятниках, происходящих с территории Восточного Казахстана, приходятся на время переселения русских крестьян на «вольные земли» Сибири и связаны со случайными находками, либо с разграблением курганов («бугров») во второй половине XVII века.

За первыми попытками в начале XVIII века сохранить эти находки (указы Петра I, создание им же «Сибирской коллекции») позднее последовали в Сибирь и первые научные экспедиции: экспедиция датского учёного Д. Г. Мессершмита (1721 г.), затем первая и вторая академические экспедиции, в составе которых были Г. Ф. Миллер, И. Г. Гмелин.

Г. Ф. Миллер, совершая поездку по Сибири в составе Первой Академической экспедиции (1733-1743 гг.), исследовал и территорию Восточного Казахстана (Верхнее Прииртышье), регистрируя археологические памятники и производя раскопки курганов близ Усть-Каменогорска и в Семипалатинской области (Миллер, 2005, с. 472-507; Андреев, 2005, с. 72).

В работах И. Г. Гмелина и Х. Барданеса, участников Второй Академической экспедиции (1768-1774 гг.), упоминаются курганы и могильники в Семипалатинской области (упоминание об этом см. Археологическая карта Казахстана, 1960, с. 9; Археологические памятники, 1987, с. 6). Но эти исследования носили предварительный характер.

